



## Алматы қаласын дамытудың 2003-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы. 2003 жылғы 10 ақпан N 1019

Алматы қаласын одан әрі дамыту және оның елдің мәдени, ғылыми, білім беру және қаржы орталығы ретіндегі тұғыр-шебін орнықтыру мақсатында "Алматы қаласының ерекше мәртебесі туралы" 1998 жылғы 1 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес қаулы етемін:

1. Қоса беріліп отырған Алматы қаласын дамытудың 2003-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (бұдан әрі - Бағдарлама) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі бір ай мерзім ішінде Бағдарламаны іске асыру жөніндегі 2003-2005 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын (I кезең) әзірлеп, бекітсін.

3. Орталық және жергілікті атқарушы органдар:

Бағдарламаны іске асыру жөнінде шаралар қолдансын;

Алматы қаласының әкіміне жартыжылдықтың қорытындылары бойынша 20 қаңтарға және 20 шілдеге Бағдарламаның орындалу барысы туралы ақпарат беріп отырсын.

4. Алматы қаласының әкімі жылына екі рет, жартыжылдықтың қорытындылары бойынша 1 ақпанға және 1 тамызға дейін Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі мен Қазақстан Республикасының Үкіметіне Бағдарламаны іске асыру барысы туралы жиынтық талдау ақпаратын беретін болсын.

5. Бағдарламаның орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне жүктелсін.

6. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

*Президенті*

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

П р е з и д е н т і н і ң

2 0 0 3

ж ы л ғ ы

1 0

а қ п а н д а ғ ы

N

1 0 1 9

Ж а р л ы ғ ы м е н

БЕКІТІЛГЕН

**АЛМАТЫ ҚАЛАСЫН ДАМЫТУДЫҢ 2003-2010 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН  
МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАСЫ**

## Бағдарламаның паспорты

Атауы	Алматы қаласын дамытудың 2003-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы
Әзірлеу үшін негіз	Қазақстан Республикасы Президентінің "Алматы қаласын дамыту жөніндегі міндеттер туралы" 2002 жылғы 30 мамырдағы кеңесте берген тапсырмасы, N 01-10.6 хаттама
Әзірлеушілер	Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі, Алматы қаласының әкімдігі
Мақсаты	Қаланың ерекше, яғни республикалық маңызы бар қала мәртебесіне сәйкес жаңа келбетін қалыптастыру және республиканың қаржы, ғылыми, білім беру, мәдени және туристік орталығы ретіндегі айқындамасын нығайту
Міндеттері	қала және оның шеткері аймағы экономикасының мақсатты функционалдық-салалық құрылымын құру; қаланың және оның маңындағы аумақтардың қалыпты және тұрақты тыныс-тіршілігін қамтамасыз ету үшін ұйымдастыру-экономикалық және нормативтік құқықтық жағдайлар жасау; Алматы қаласының ерекше мәртебесіне сәйкес қазіргі заманғы инфрақұрылым құру; экономика салаларында ғылымды қажет ететін өндірістерді және инновациялық технологияларды дамыту; кедейліктің ауқымын қысқарту; жұмыссыздықтың деңгейін елдің тұрақты әлеуметтік-экономикалық дамуын қамтамасыз ету процестеріне қауіп төндірмейтін өлшемдерге дейін төмендету, әрбір отбасының ең кемінде бір мүшесін жұмыспен қамту; жоғары деңгейде қайта өңдеу өнімдері экспортының өсімін ескере отырып, әлем елдерімен тығыз әріптестік байланыстар орнату; туризмді дамыту жөнінде ұйымдастыру және құқықтық шаралар кешенін әзірлеу, тиімді және бәсекеге қабілетті туризм индустриясын құру; қаланы дамытудың Бас жоспарына сәйкес оның тиімді жұмыс істеуіне және экономикалық өсіп-өркендеуіне

ықпал ететін қала құрылысының неғұрлым ұтымды  
шешімдерін анықтау;  
мемлекеттік активтерді және қаланың тыныс-  
тіршілігін қамтамасыз ететін объектілерді басқарудың  
тиімділігін арттыру;  
қаланың экологиялық жағдайын жақсарту және  
ықтимал дүлей апаттар мен табиғи зілзалаларға  
әрдайым дайын болуын қамтамасыз ету;  
Алматы қаласының республиканың қаржы, ғылыми,  
білім беру, мәдени және туристік орталығы ретіндегі

бет-бейнесін қолдау

Іске асыру мерзімі 2003-2010 жылдар  
I-кезең - 2003-2005 жылдар

2-кезең - 2006-2010 жылдар

Қажетті ресурстар мен қаржыландыру көздері Алматы қаласын дамытудың 2003-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыруға республикалық, жергілікті бюджеттердің және халықтың қаражаты, халықаралық қаржы-экономикалық ұйымдардың гранттары, шетелдік және отандық инвестициялар пайдаланылады. Бюджет қаражатын қоса алғанда, инвестициялық ресурстарға жалпы қажеттілік 711 миллиардтан астам теңгені, соның ішінде 2003-2005 жылдарға - 230 млрд. теңгені құрайды.

Дамыту бағдарламалары бойынша іс-шараларды іске асыруға 2003 жылы мемлекеттік бюджетте 8630,2 млн. теңге, оның ішінде республикалық бюджеттен 4706 млн. теңге, жергілікті бюджеттен 3924,8 млн. теңге көзделеді. Келесі жылдарға арналған қаржыландырудың нақты көлемдері кезекті қаржы жылына арналған республикалық бюджетті және Алматы қаласының бюджетін қалыптастыру кезінде қаржылық мүмкіндіктерге қарай айқындалатын болады.

Күтілетін нәтижелер Бағдарламаны іске асыру қаланың қаржы, өндірістік, кадрлық, ғылыми және мәдени әлеуетін мейлінше мүмкіндікпен пайдалану үшін жағдайлар жасауға ықпал етуге және осының негізінде мегаполистің және оның маңындағы елді мекендердің халқы тұрмысының деңгейі мен сапасын арттыруға тиіс.

Алматы қаласының аса ірі қаржы, ғылым, білім беру

және туристік орталық ретіндегі рөлін арттыру қала экономикасының құрылымын біршама өзгертеді. Осы кезеңде сауда, көлік, коммуналдық шаруашылық, байланыс, ойын-сауық, индустриясы, туризм және халыққа көрсетілетін басқа да қызметтер ілгері қарқынмен дамиды. Осы салаларды жеделдете дамыту өндіріс саласындағы шағын кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдаумен қатар халықты жұмыспен қамту проблемасын іс жүзінде шешетін болады. Қалада тұтас алғанда 80 мыңнан астам жаңа жұмыс орны ашылады.

Алматы қаласын дамытудың 2003-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын ойдағыдай іске асыру қуатты мультипликативтік әсер есебінен бүкіл елдің дамуы мен гүлденуіне ықпал етуге тиіс.

## **Кіріспе**

Алматы қаласын дамытудың 2003-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы Қазақстан Республикасы Президентінің "Алматы қаласын дамыту жөніндегі міндеттер туралы" 2002 жылғы 30 мамырдағы кеңесте берген тапсырмасына сәйкес әзірленді, N 01-10.6. хаттама.

Оны әзірлеу Алматы қаласының қазіргі әлеуетін сақтау және шеткері аймақтары мен рекреациялық маңайын дамытумен өзара байланыста біртіндеп арттыру жолымен одан әрі дамыту стратегиясын белгілеу қажеттілігінен туындады.

Осы Бағдарлама Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 27 шілдедегі N 1014 қаулысымен мақұлданған, Алматы қаласын аймақтық қаржы орталығы ретінде дамыту тұжырымдамасының ережелерін дамытады.

Қазіргі уақытта қала тұрақты экономикалық өркендеу кезеңінде. Өнеркәсіп өндірісінің, күрделі құрылысқа инвестициялардың, тұрғын үйді пайдалануға берудің, көріктендіру және көгалдандыру жөніндегі жұмыстардың, бюджетке салықтар мен төлемдерді жинаудың көлемі арта түсуде.

Сонымен қатар, қаланың қарқынды дамуына қаланың тыныс-тіршілігін қамтамасыз ету жүйелерінің жұмыс істеуіне, көлік инфрақұрылымын дамытуға, қала құраушы сипаттағы және кейбір басқа да мәселелерге қатысты бірқатар проблемалар кедергі келтіруде. Осы Бағдарлама олардың қаланың және ішінара республиканың әлеуметтік-экономикалық дамуына теріс әсерін жою мақсатында әзірленді.

Онда тек қазіргі таңдағы проблемаларды шешу көзделіп қана қоймай, қаланың 2010 жылға дейінгі дамуының жалпы бағдары мен қажеттіліктеріне сәйкес келетін негіздер қ а л а н а д ы .

Бағдарламада Алматы қаласында экономикалық даму деңгейін және тұрмыс сапасын көтеруге, іскерлік, ғылыми, мәдени және туристік орта құруға бағытталған экономикалық, әлеуметтік, ұйымдастырушылық және техникалық шаралардың жиынтығы айқындалған.

## **1. АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ ДАМУЫНЫҢ ҚАЗІРГІ ЖАЙ-КҮЙІН ТАЛДАУ**

### **1.1. Жалпы сипаттама**

Алматы қаласының тыныс-тіршілігін реттеу оның тиімді дамуына кепілдік беру мақсатында қабылданған "Алматы қаласының ерекше мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының негізінде жүзеге асырылады.

Қала Іле Алатауының солтүстік баурайында Үлкен Алматы мен Кіші Алматы өзендері аралығы аңғарының ұштығында орналасқан. Алматының ең солтүстік нүктесі теңіз деңгейінен 670 метр жоғары, ең оңтүстік нүктесі - 970 метр жоғары белгіде орналасқан.

2002 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша қаланың аумағы 287,6 шаршы километрді, тұрақты халқының саны - 1136,1 мың адамды, халықтың тығыздығы - 1 шаршы километрге шаққанда 3964 адамды құрайды. Қала 6 ауданнан тұрады.

2001 жылы Алматы қаласының үлесіне республиканың жалпы ішкі өнімінің 15,4%-і, өнеркәсіп өнімін өндірудің 5%-і, негізгі капиталға инвестициялардың 10%-і, бөлшек сауда операцияларының 40%-і, сыртқы сауда айналымының 16,3%-і сай келді.

Қаланың аумағында республиканың барлық коммерциялық банктерінің 75%-і және зейнетақы активтерін басқару жөніндегі жеке компаниялардың басым көпшілігі орналасқан, бұл оның елдің қаржы орталығы ретіндегі рөлін айқындайды.

Шетелдік инвестициялар, негізінен, көлік пен байланыс, сауда, ойын-сауық индустриясы сияқты неғұрлым табысты және тез өтемді қызмет салаларында шоғырлануда. Аймаққа шетелдік инвесторлардың күн өткен сайын қызығушылығы оның әлі іске асырылмаған мол әлеуеті мен инвестициялық тартымдылығының куәсі.

Қала республикалық бюджетті қалыптастыруда маңызды рөлге ие. 2001 жылдың қорытындылары бойынша республикалық бюджеттің 25%-і Алматы қаласы салық төлеушілерінің салық түсімдері есебінен қалыптасты.

Алматы қаласы елдің қаржы, ғылыми және мәдени орталығы ретінде жоғары инвестициялық тартымдылығымен және астаналық функцияның бір бөлігін атқара отырып, халықаралық маңызы бар мегаполистің іскерлік келбетіне ие болуда. Сити-менеджментте қазіргі заманғы басқару технологиялары мен қаржы құралдары пайдаланылады, тұрғын үй-коммуналдық саласында институционалдық және құрылымдық реформалар, қаланың тыныс-тіршілігін қамтамасыз ету жүйелерін оңтайландыру мен монополиясыздандыру жүргізілді.

Алматы республиканың аса ірі жол торабы болып табылады. 2001 жылы оның көлік

тораптары арқылы республиканың барлық автомобиль тасымалының бестен бір бөлігі және әуе тасымалдарының үштен бір бөлігі жүзеге асырылды.

Алматы ғылым, білім беру, денсаулық сақтау, мәдениет мекемелерінің дамыған желісімен ерекшеленеді, оның аумағында әлемнің көптеген елдерінің елшіліктері мен өкілдіктері, ірі шетелдік компаниялар, республикалық қоғамдық бірлестіктердің көпшілігінің штаб-пәтерлері орналасқан.

Сонымен бірге қала жоғары сейсмикалық белсенділік аймағында орналасқандықтан табиғи зілзала туындау қаупі, таудан сел жүру және қаланың едәуір аумағын, әсіресе, қар еру мен нөсер жауын кезінде су басу қаупі бар.

## 1.2. Әлеуметтік сала

### Д е м о г р а ф и я л ы қ а х у а л

Астананың қоныс аударуына байланысты қала халқының біршама азаюы байқалды. 2002 жылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша Алматы қаласының экономикалық бейімді халқы 566,5 мың адамды (49,6%) құрады, 17%-і - 15-тен 24 жасқа дейінгі ж а с т а р , 14% - і з е й н е т к е р л е р .

1999 жылдан бастап халықтың табиғи өсуінің оң сальдосы қалыптасты. 2002 жылдың 9 айында ол 40,9%-ке өсіп, 2457 адамға жетті. 1999 жылмен салыстырғанда үшінші және төртінші баланың туылуы тиісінше 18 және 27%-ке ұлғайды. 2002 жылғы 1 қазанға 1000 тұрғынға алғанда бала туу коэффициенті - 13,4, қайтыс болу к о э ф ф и ц и е н т і - 10,5 б о л д ы .

1998 жылдан бастап көші-қонның оң сальдосы қалыптасуда, көші-қонның өсуі шамамен 2300-4600 адам шегінде өзгеруде. Келген де, кеткен де азаматтардың негізгі құрамы еңбекке қабілетті жастағы адамдар болып табылады.

*Демографиялық дамудың негізгі проблемасы* халықтың өлім-жітімінің жоғары деңгейі, сондай-ақ әлеуметтік маңыздағы аурулармен сырқаттануы болып табылады.

### Т ұ р м ы с д е н г е й і

2001 жылдың 9 айында қала бойынша орташа айлық еңбекақы 27022 теңгені, орташа айлық табыс 16200 теңгені құрады, бұл 2001 жылдың осындай көрсеткішінен тиісінше 18,3 және 19,1%-ке жоғары. Бұл ретте нақты табыс 10,7%-ке өсті.

Кедейлік деңгейінен төмен тұрмыстағы және әлеуметтік қорғалуға мұқтаж қала тұрғындары санының төмендеуі байқалады. Қала тұрғындарының осы санатының халықтың жалпы санындағы үлесі 1,9%-ті (21,4 мың адам) құрайды.

Қаланың ерекшелігі бүкіл халқының 14%-і зейнеткер жасында екені болып табылады. 2001 жылы әлеуметтік бағдарламаларға алдындағы жылмен салыстырғанда 38,2% өсіммен 1,8 млрд. теңге жұмсалды. 2002 жылы жоғарыда аталған мақсаттарға арналған шығыстардың өсімі 2001 жылға қарағанда 38,8%-ті құрады.

### П р о б л е м а л а р :

жергілікті бюджеттің әлеуметтік бағдары салдарынан оған түсетін елеулі а у ы р т п а л ы қ ;

нақты жұмыссыздықтың жоғары деңгейі (экономикалық бейімді халықтың 9,5 %-інің тұрақты жұмысы жоқ).

### Денсаулық сақтау

Қаланың аумағында 250 емхана және 57 аурухана жұмыс істейді, олардың тиісінше 41-і мен 49-ы мемлекет меншігінде.

Соңғы жылдарда денсаулық сақтау объектілері желісін амбулаториялық-емханалық көмекті дамыту жағына қайта бағдарлау жүргізілді. Өзінің маңыздылығы жағынан бірегей медициналық ұйымдар - медбикелік күтім ауруханасы, хоспис ұйымдастырылды.

1993 жылдан бері мемлекеттік емес денсаулық сақтау ұйымдарының желісі 18 есе өсті. 2001 жылы мемлекеттік емес денсаулық сақтау ұйымдары мен емдеу ісімен жекеше айналысатын дәрігерлер қала халқына амбулаториялық көмек көрсету көлемінің 14,7%-ін және стационарлық көмек көрсету көлемінің 4,8%-ін қамтамасыз етті.

Қаланың дәріханалық ұйымдар желісі шамамен 700 объектіні құрайды. Сырқат азаматтарға тегін босатылатын дәрі-дәрмек құралдарының түр-түрі кеңейтілді.

### Денсаулық сақтау проблемалары:

медициналық мекемелердің қажетті материалдық-техникалық құралдармен жеткілікті жабдықталмауы, оларды ақпараттық қамтамасыз ету мен өзара іс-әрекетінің бірыңғай жүйесінің болмауы;

фармацевтикалық және медициналық өнеркәсіп дамуының төмен деңгейі; сәби жасындағы балалардың мамандандырылған экологиялық таза тағамдармен жеткілікті қамтамасыз етілмеуі.

### Білім беру

Алматы республиканың зияттық және білім беру орталығы болып табылады. Қаланың 70%-тен астам халқының жоғары, жалпы орта және кәсіптік орта білімі бар. Қаланың аумағында 153 мектепке дейінгі бала мекемесі, 230-дан астам мемлекеттік және жеке жалпы білім беру мектебі, 73 жоғары оқу орны, 71 ғылыми ұйым, оның ішінде 9-ы жоғары оқу орындарының жанындағы, сондай-ақ 18 жобалау ұйымы орналасқан. Қаланың үлесіне елдің барлық студенттерінің үштен бір бөлігі келеді.

Бес-алты жасар балалардың мектепке дейінгі дайындығын ұйымдастыру үшін жағдайлар жасалған.

Орта білім беру жүйесінде пәндерді тереңдетіп оқытатын мекемелердің саны жыл сайын 3-5%-ке өсуде. 90 мектепте ғылыми қоғамдар ашылған, онда 80 мың оқушы ғылыми-ізденіс жұмысымен шұғылдануда, бұл олардың дайындық деңгейіне оң әсерін тигізеді.

### Білім беру саласындағы негізгі проблемалар:

кейбір объектілер мен инженерлік коммуникациялардың қанағаттанғысыз материалдық-техникалық жай-күйі;

мектептердегі белгіленген нормативтерден артық оқушы саны; білім берудің барлық деңгейлеріндегі сабақтастық жүйесінің жеткіліксіз дамуы; еңбек нарығының талаптарына сәйкес білікті жұмысшы кадрлар мен мамандарды даярлаудың жеткіліксіз деңгейі болып табылады.

### **Мәдениет және спорт**

Алматы қаласында республиканың жетекші театр-концерт, мұражай және кітапхана ұйымдары шоғырланған. Мәдениет объектілерінің желісі әртүрлі меншік нысанындағы 270 ұйымнан тұрады, оның ішінде мемлекеттік меншіктегі 65 ұйым бар.

Абай атындағы опера және балет театрының ғимаратын қайта жаңғырту аяқталды, ол қаланың коммуналдық меншігіне берілді, кинотеатрларды қайта жаңғырту жүргізілуде. Н.Сац атындағы Республикалық жасөспірімдер мен балалар театры және Қазақ мемлекеттік цирк коммуналдық меншікке берілді.

Алматыда республика мен қаланың тарихи мұрасы болып табылатын 126 сәулет және монументалдық өнер ескерткіші бар.

Алматының аумағында 959 спорт ғимараты орналасқан, оның 86%-і қаланың коммуналдық меншігінде. Аймақтың әрбір төртінші тұрғыны әртүрлі спорт түрлерімен айналысады.

"Олимпикс" мұз айдыны сарайы салынды, Б.Шолақ атындағы спорт және мәдениет сарайына, қаланың коммуналдық меншігіне берілген биік таудағы "Медеу" мұз айдынына қайта жаңғырту жүргізілді.

#### *Мәдениет пен спортты дамытудың проблемалары:*

көптеген мәдениет пен спорт объектілерінің қанағаттанғысыз материалдық-техникалық жай-күйі;

жоғары кәсіпқой спортшыларды даярлау жүйесінің болмауы.

### **1.3. Өнеркәсіп және энергетикалық кешен**

#### **Өнеркәсіп**

2002 жылы өнеркәсіп өндірісінің құрылымында өнімнің 91,9%-і өңдеуші өнеркәсіпке (37,5% - тамақ өнімдерін өндіруге, 11,2% - целлюлоза-қағаз өнеркәсібіне және баспа ісіне, 17,0% - машина жасау саласына, 12,3% - металлургия өнеркәсібіне және металл бұйымдарын шығаруға), 8,1%-і - электр энергиясын, газды және суды өндіру мен таратуға тиесілі болды.

Алматы қаласының өнеркәсіп секторы 1996-2001 жылдары елеулі өзгерістерге ұшырады. Тиімсіз және тоқтап тұрған өндірістерді қайта ұйымдастыру, демпингке қарсы және импорт алмастыру саясатын жүргізу жөнінде шаралар қолданылды, шаруашылық жүргізудің шағын нысандарына қолдау көрсетілді. Нәтижесінде 1996 жылдан бастап өндіріс көлемдерінің жыл сайынғы өсуі байқалады (1-кесте). Өнеркәсіп кәсіпорындарының саны осы кезеңде 3,5 есеге, оның ішінде шағын кәсіпорындар 4,6 есеге өсті.



## Өнеркәсіп өнімдерін өндіру көлемінің серпіні

	1998ж.	1999ж.	2000ж.	2001ж.	2002ж.	10 айы
Өнеркәсіптің өнімдерінің көлемі - барлығы млн.теңге	59119	63857	82371	100795	90015	
Өсу қарқыны, өткен жылмен %-пен	105,9	105,2	127	122,9	109,4	
Алматы қаласы өнеркәсіпнің республикалық көлемдегі	7,1	5,6	4,6	5,1	4,9	
	с а л ы с т ы р ғ а н д а		ж а л п ы		%	
	ү л е с і ,					

Ірі және орта кәсіпорындар ИСО 9000 сериясының халықаралық стандарттарына сәйкес келетін сапа жүйелерін енгізуде және сертификаттауда.

Сонымен бірге, 2001 жылдың аяғына өндірістік қуаттар тоқыма және тігін өнеркәсібінде мақта-мата жібін иіруде - 7,7%, мақта-мата бұйымдары бойынша - 9,4%, кілем және кілем бұйымдары бойынша - 20,6%, былғары аяқ киім шығаруда - 11,7% қана пайдаланылған. Алматы қаласы тұрғындарының қаланың өз өнімдерін тұтыну қажеттілігі мақта-матаға 16%-ке, тоқыма бұйымдарына - 1%-ке, аяқ киімге - 6,9% қ а м т а м а с ы з е т і л е д і .

Металл кесу станоктары, кір жуу машиналары, ауыл шаруашылығы машиналарына арналған жабдықтар мен қосалқы бөлшектер, оң және одан көп жолаушыларды тасымалдауға арналған автомобильдер, тіркемелер мен жартылай тіркемелер, автокөлікпен жүк таситын және мамандандырылған автомобильдер өндірісіндегі қуаттар 10-40%-ке ғана пайдаланылуда.

Ағаш өңдеу өнеркәсібі өндірістік қорларының жүктемесінде аздаған жетімсіздіктер б а р .

### Негізгі проблемалар:

табиғи тұрғыдан тозған және моральдық ескірген өндірістер мен технологиялар ү л е с і н і ң ж о ғ а р ы л ы ғ ы ;

кооперациялық байланыстардың жеткіліксіз дамуы;  
тоқтап тұрған өндіріс қуаттарының болуы;

өнеркәсіп секторының ғылыми-техникалық және қаржы саласымен байланысының

ә л с і з д і г і ;

қаржы ресурстарының тапшылығы мен өндірістік қорлармен жеткілікті қамтамасыз етілмеу болып табылады.

### **Энергетикалық кешен**

Қаланың энергетикалық кешені 3 автономды жылу беру аймағынан тұрады:

1) Қаланың орталық және батыс бөліктеріне орталықтандырылған жылу беру аймағы (жылыту аймағы) ЖЭО-1, ЖЭО-2 және Батыс жылу кешенінің (БЖК) жылу қазандықтары беретін жылумен 80%-ке, жергілікті жылу қазандықтары және автономды жылу жүйелері (АЖЖ) беретін жылумен 20%-ке қамтамасыз етіледі;

2) қаланың солтүстік бөлігіне жылу беру аймағы, жылуды тұтынудың 85%-і жергілікті жылу қазандықтары мен АЖЖ-дан, 15%-і солтүстік-шығыс жылу кешенінен (СШЖК) қамтамасыз етіледі. ЖЭО-3 Энергетик кентін жылумен қамтамасыз етеді;

3) қаланың оңтүстік бөлігіне орталықтандырылған жылу беру аймағы 80%-ке "Орбита" аудандық жылу қазандықтарынан (ОАЖК), оңтүстік-шығыс аудандық жылу қазандықтарынан (ОШАЖК), 20%-ке - жергілікті жылу қазандықтарынан және АЖЖ-дан қамтамасыз етіледі.

Қаланың мұқтаждары үшін электр және жылу энергиясын өндірушілер "АПК" ЖАҚ (85%), "Алматыжылукоммунэнерго" АҚ (12%), СШЖК (3%) болып табылады.

Энергиямен қамтамасыз етудегі негізгі проблемалар:

Жылумен және электрмен қамтамасыз ететін ұйымдар жабдықтарының барынша моральдық және табиғи тозуы (ЖЭО-1,3 - 59%, ЖЭО-2 - 25%, БЖК - 19%, Қапшағай ГЭС-і - 23%, ГЭС каскады - 75%, РКТ - 40%, АРЭК - 33%, ГЭРС - 30%);

жылу және электр желілерінің табиғи тозуы (тиісінше 40% және 34,6%-ке); жабдықтардың көпшілігінің моральдық және табиғи тозуынан электр және жылу желілерінде жоғары ысырап болуы;

энергия жүйесінің жылу станцияларынан атмосфераға зиянды заттардың рұқсат етілген шекті шығарылымдар нормативінен 2 есеге артуы болып табылады.

### **Ғылым және инновациялық қызмет**

жұмыс істейтін ҒЗИ, жоғары оқу орындары мен кәсіпорындардың базасында технологиялық парктер және ақпараттық технологиялар парктерін құру жолымен республика экономикасының салаларында инновациялық технологияларды жеделдетіп дамыту, енгізу және тарату үшін Алматы қаласында елеулі әлеует бар.

Ядролық физика институтының (ЯФИ) материалдық және кадрлық базасы радиациялық технологияларды пайдалана отырып, ғылыми-зерттеу және өндірістік қызметті жүргізуге мүмкіндік береді. ЯФИ активінде республиканың әлеуметтік-экономикалық дамуы үшін принципті маңызға ие әзірленімдер бар.

*Инновациялық дамуды тежейтін проблемалар:*

заңнамалық базаның инновациялық қызметті ынталандыру тұрғысынан

жетілмегендігі;

ғылыми және қолданбалы эзирленімдерді жоспарлау және олардың экономика талаптарына икемдеу жүйесінің болмауы.

#### **1.4. Шағын және орта бизнес**

Алматы қаласы республикада кәсіпкерлік дамуының аса ірі орталығы болып табылады. 1998-2001 жылдар кезеңінде шағын кәсіпкерлік субъектілері өндіретін өнімдердің құрылымында оң өзгерістер болды - сауда-делдал қызметі секторының үлесі 80-нен 37,1%-ке дейін төмендеді.

1999 жылдан бастап Алматы қаласында өнеркәсіп аймағын құру тұжырымдамасы іске асырылуда. Өз ауқымына 38 кәсіпорынды біріктіретін бизнес-инкубатор жұмыс істейді.

2001 жылы 1998 жылмен салыстырғанда жұмыс істеп тұрған кәсіпорындардың саны 44%-ке өсіп, 23 мыңға жетті, бюджетке төлемдер 5,6 есеге өсіп, 26970 млн. теңгеге жетті, жұмыстар және қызметтер көрсету көлемі 2,4 есеге өсіп, 262266 млн. теңгеге жетті, жұмыспен қамтылғандар саны - 74%-ке өсіп, 216,5 мыңға жетті.

2002 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша өнеркәсіп, құрылыс, көлік және байланыс саласына шағын кәсіпорындар өндіретін өнімдер тиісінше 17,2; 13,1 және 12,3%-тен келеді.

#### *Шағын бизнестің дамуына кедергі проблемалар:*

каржы қиыншылықтары: бастапқы капиталдың жеткіліксіз мөлшері, банк кредиттерінің қолжетімді еместігі, оларды алу үшін қажетті кепілдіктердің болмауы;

тауар нарықтарындағы жағдайды сипаттайтын ақпараттың болмауынан тауарлар өткізу мен қызметтер көрсетудің қиындығы;

шикізатқа, материалдарға, энергияға бағалардың өсуі; кәсіпкерлердің кәсіби дайындығының жеткіліксіз деңгейі.

#### **1.5. Туризм**

Алматы қаласы тау сілемдерінің баурайында орналасу ерекшелігі, сауықтырушы және спорттық туризмді дамытуға ықпал ететін табиғи жағдайларының алуан түрлілігі, Жібек жолының бойында орналасуы жөнінен туристер үшін тартымды болып табылады.

Қаладан 500 км шеңберінде шетелдік және отандық туристер баратын көптеген туристік объектілер, оның ішінде биік таудағы "Медеу" мұз айдыны, "Шымбұлақ" тау шаңғысы туристік базасы және басқалары орналасқан.

Туристерге қызмет көрсетуге арналған бес жұлдызды және үш жұлдызды қонақ үйлер, санаторийлер мен демалыс үйлері, қызық-думан және ойын-сауық орындары бар.

Алматының туристік қызметтері нарығын 300 туристік фирма ұсынады. 2002 жылдың 9 айында 70 мың, оның ішінде республикаға сырттан келген 23 мың туристке қызмет көрсетілді.

Алматы қаласының тартымды туристік келбетін қалыптастыру мақсатында арнайы WEB-сайт ашылған, жарнамалық өнімдер шығарылады, туризмнің жұмыс істеп тұрған инфрақұрылымы, жаңа туристік бағыттар, қызметтердің түрлері, білікті экскурсия жүргізушілердің, гид-аудармашылардың құрамы туралы деректер қоры қалыптастырылған. Туризм саласындағы отандық және шетелдік мамандар үшін жарнамалық турлар, Шарын аңғарына, Үлкен және Кіші Алматы шатқалдарына туристік десанттар ұйымдастырылған.

*Туризмді дамыту саласындағы проблемалар:*

қызметтер инфрақұрылымын дамытудың жеткіліксіз деңгейі, сервис-қызмет бағалары деңгейінің олардың сапасына сәйкес еместігі;

Алматы қаласы мен Ұлы Жібек жолы даңғылының мүмкіндіктерін шетелде жарнамалау мен танытудың тиісті деңгейінде болмауы;

туризм жөніндегі мамандардың дайындығы мен біліктілігінің жеткіліксіз деңгейі;

тарихи ескерткіштердің қанағаттанғысыз жай-күйі, туристік және спорттық базалардың, демалыс үйлерінің моральдық тозуы;

Алматы қаласы мен Алматы облысы бойынша экскурсиялық бағыттардың өзара байланысының болмауы.

### **1.6. Қала құрылысы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық**

#### **Қала құрылысы және қаланы көріктендіру**

Алматы қаласы, әсіресе оның орталық бөлігі әкімшілік-іскерлік, сауда-тұрмыстық, мәдени-ойын-сауық мақсатындағы объектілер құрылысының жоғары тығыздылығымен ерекшеленеді. 1997 жылдан бері ғимараттардың бірінші қабаттарын қызмет салалары кәсіпорындарын орналастыру үшін қайта бейімдеу жөніндегі жұмыстар қарқынды жүргізілуде.

2000 жылдан бастап жол-көлік инфрақұрылымын дамыту және қаланы көгалдандыру жөніндегі жұмыстар елеулі жандандырылды. Көлік легін ажырататын және көктей өтетін жолдар салу жүзеге асырылуда. Жолдарды салу мен қайта жөндеуде жаңа технологиялар қолданылады. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар құрылды, дендропарк салу жүзеге асырылуда, Баум тоғайы мен басқа да объектілерді жаңарту жөніндегі жұмыстар жүргізілуде.

Қала дамуының соңғы кезеңі селитебтік аумақтардың қарқынды өсуімен сипатталады.

*Негізгі проблемалар:*

қаланың шет жақтарында аз қабатты үйлерді салу Қаланы дамытудың бас жоспарын ескерусіз жүзеге асырылуда, жекелеген объектілер құрылысына бұл мақсаттарға жарамсыз аумақтар (өзендердің жайылмалары, санитарлық-қорғау аймақтары және т.б.) пайдаланылады;

жеке тұрғын үй салу аудандарының көпшілігі инженерлік-коммуникациялық,

көліктік және мәдени-тұрмыстық қызмет көрсетудің қажетті деңгейімен қамтамасыз етілмеген;

шет аудандардың көліктік байланыстары, транзиттік ағындар қаланың орталық бөлігі арқылы өтеді, бұнымен олар мегаполистің экологиялық жай-күйін қиындатады және қала жолдарындағы қауіпсіздік деңгейін төмендетеді;

табиғи желектердің біршама бөлігі қайта жаңартуды және қаланың аумақтық-жоспарлау және экологиялық ерекшеліктеріне бағындыруды қажет етеді; қаланың тауар базарлары желісі, негізінен, 1980-1990 жылдары қала құрылысы мен санитария ережелері сақталмастан ретсіз қалыптасқан.

### **Тіршілік ету ортасы**

Қаланың тыныс-тіршілік ортасы:

жоғары сейсмикалық белсенділік аймағында орналасуымен;

Үлкен және Кіші Алматы, Есентай, Қарғалы өзендерінің бассейндері арқылы таудан сел жүруінің және қаланың едәуір аумағын, әсіресе қар еру және нөсер жауындар кезінде, су басуы қаупі болуымен сипатталады.

Мамандар бағалауы бойынша 9 балл жер сілкінісіне Алматы қаласының ғимараттарының 50%-і ғана шыдайды.

1999 жылы Кіші Алматы өзенінің бассейнінде сел тасқыны жүрген кезде жақын орналасқан ғимараттар мен инженерлік коммуникацияларға елеулі материалдық зиян келтірді. Металдан жасалған елек-сүзгілі тосқауылдарын салу, уақытша қорғаныс бөгеттерін тұрғызу және тасқын суларды бұру жөнінде жедел шаралар қолдану нәтижесіне Алматы қаласы құрбандар мен қираудан сақтап қалынды. Алайда, бұл шаралар жеткіліксіз, өйткені тұрғызылған құрылыстардың қуаты аз әрі сел тасқындарынан тиімді қорғауға арналмаған.

Ықтимал қатты жер сілкінісі факторы қала мен оның төңірегіндегі 40 км шеңберінде қосымша күшті сел тасқынын, су басуын, топырақтың терең шөгуін тудыруы мүмкін.

Авариялық-құтқару және диспетчерлік қызметтердің материалдық-техникалық базасы, сондай-ақ төтенше жағдайлардың алдын алу және жою үшін хабар беру және байланыс жүйесі елеулі жақсартуды қажет етеді.

### **Тұрғын үй қорының жай-күйі**

Соңғы жылдары тұрғын үй салу қарқынды жүргізілуде. 2001 жылы 240,9 мың ш. метр салынды, бұл 1998 жылғы деңгейден 39% артық. 2002 жылдың 9 айы ішінде тұрғын үй салудың қарқыны 2001 жылдың осындай кезеңіне қарағанда 5,2%-ті құрады. Кәсіпорындар мен ұйымдар салған тұрғын үйлер үлесі өсуде. 1998 жылмен салыстырғанда ол 20,8-тен 32,3%-ке дейін өсті. Аяқталмаған тұрғын үй құрылысының көлемі осы кезеңде 423-тен 236 мың ш. метрге дейін немесе 44,3%-ке қысқарды.

Қаланың тұрғын үй қоры 2002 жылғы 1 қаңтарда тұрғын үйдің жалпы алаңының 21,2 млн. ш. метрін құрайды. Қалада 7137 көп қабатты тұрғын үй бар, оларда жалпы

алаңы 15832 мың ш. метр 299 мың пәтер орналасқан.

### *Негізгі проблемалар:*

қаланың тұрғын үй қорының 5,6 млн. ш. метр тұрғын үйі немесе жалпы алаңының 26,5%-і сейсмикалық осал ғимараттар қатарына жатқызылды, сейсмикалық аса қауіптілері - тиісінше 2,3 млн. ш. метр немесе 11%-і;

50 мың адам тұратын жалпы алаңы 488 мың ш. метр 951 тұрғын үй апатты жағдайда, бұл үйлердің қызмет мерзімі 50 жылдан асқан, бұл санаттағы үйлердің негізін төмен нормативтік қызмет мерзімі бар объектілер (қамыс қаңқалы, ағаш және с а м а н ) қ ұ р а й д ы ;

өзендердің су қорғау аймақтарында рұқсатсыз тұрғызылған тұрғын үй құрылыстары бар, олар әлсін-әлсін тасқын мен жауын-шашын суларының астында қалады, бұл онда тұратын азаматтардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіреді;

43227 адам тұрғын үй жағдайын жақсартуға мұқтаж, оның ішінде 8976 азаматтың жеңілдікпен пәтер алу құқығы бар.

### **Г а з б е н ж а б д ы қ т а у**

Қаланы газбен жабдықтау Газли - Шымкент - Алматы магистральды газ құбыры бойынша жүзеге асырылады және қалаға 1 және 2-ГБС арқылы келіп жетеді.

Газ құбырларының қашықтығы қалада 2543,5 км құрайды, оның ішінде жоғары қысымды газ құбырлары - 16,3 км, орташа қысымды газ құбырлары - 287,4 км, төмен қысымды газ құбырлары - 2239,9 км.

Жыл сайын орта есеппен 140 км газ құбыры жөнделеді, жер асты құрылыстарын электр химиялық коррозиядан қорғау жөніндегі жұмыстар жүзеге асырылады.

*Газбен жабдықтаудағы проблемалар* қала үшін газ көлемінің жеткіліксіздігі болып табылады, бұл жекеменшік тұрғын үй құрылысы аудандары мен орталықтандырылған жылу көздерінің газбен нашар қамтамасыз етілуін тудырады.

### **С у м е н ж а б д ы қ т а у ж әне с у б ұ р у**

Қалаға су беру Үлкен және Кіші Алматы өзендеріндегі екі су жиналғыдан және Алматы мен Талғар су шығару конустарының екі жер асты су жиналғыларынан жүзеге асырылады. Демалыс аймақтары мен қалаға іргелес кенттердің бір бөлігіне қызмет көрсететін бірыңғай орталықтандырылған сумен жабдықтау жүйесі бар.

Алматы қаласының тұрғын үй қоры су құбырымен 89,8%-ке, кәрізбен - 86,2%-ке қ а м т а м а с ы з е т і л г е н .

Су құбыры желілерінің және су бұрғыштардың жалпы ұзақтығы 2285 км-ді құрайды . 1997 жылдан бастап 2001 жылды қоса алғанда 17,6 км су құбыры желілері салынып, 26 км күрделі жөндеуден өтті.

Жалпықалалық кәріз қаладан, оған іргелес демалыс аймақтарынан, бірқатар кенттерден және Талғар мен Қарасай қалаларынан сарқынды суларды қабылдауды, бұруды және тазартуды жүзеге асырады. Сарқынды сулар тазартудың бірнеше сатысынан өтеді, содан кейін ауыл шаруашылығы дақылдарын суаруға және сүзгі

танаптарына жіберіледі. Вегетациядан тыс кезеңде бұру каналы бойынша олар Сорбұлақ жинақтауышына жіберіледі. Сарқынды суларды тазартудың барлық сатыларында зертханалық бақылау ұйымдастырылған. Сорбұлақ жинақтауышының кемерінен асуын болдырмау мақсатында Іле өзеніне авариялық ағызу каналы салынған.

Қалаға іргелес аудандарының бірқатарының аз қабатты құрылыстарының сарқынды суларын жекеменшік тұрғын үйлердің кәріз жүйесіне немесе оларды шағын аудандарға іргелес сүзгі танаптарына бұру арқылы ағызу жүзеге асырылады.

*Сумен жабдықтау мен су бұру проблемалары:*

құбырлардың моральдық және табиғи тұрғыдан аса тозуы;

Алматы жер асты сулары көзінде су сағасының кемуі салдарынан қаланың солтүстік бөлігінде ыза сулар деңгейінің күрт жоғарылауынан ғимараттар мен құрылыстарды су басу қаупі;

аз қабатты ғимараттар мен қала маңындағы шағын аудандар объектілерінің кәріз желілерімен қамтамасыз етілмеуі;

өзендердің ластануына әкеп соқтыратын қаланың бірыңғай жауын-нөсер кәрізі жүйесінің болмауы.

### **1.7. Көлік-коммуникациялық кешен**

#### **К ө л і к**

Қаланың көлік желісі ұзақтығы 1500 км автомобиль жолдарынан, 93 автожол және 73 жаяу жүргіншілер көпірлерінен, 5 жолөткелдерінен және 20 жер асты өтпелерінен тұрады.

Қалада 98 көлік кәсіпорыны жұмыс істейді, оның 38-і жеке меншікке қарасты.

2002 жылдың 9 айы ішінде қалада автобустармен 109 млн. адам, трамвайлармен және троллейбустармен - 49,7, таксимен - 7,6 млн. адам тасымалданды.

Қаланың орталық бөлігін жаңа шағын аудандармен жалғайтын бағыттар ашылды. Көлік айырымдарын, жанама көшелер ашу, жолдарды кеңейту және күрделі жөндеу есебінен жүргіншілер ағынымен кептелетін магистралдарды сирету жүзеге асырылады.

*Қаланың неғұрлым өзекті көлік проблемаларына* мыналар жатады:

магистралдық жолдарды дамыту мүмкіндігінің шектеулілігі (аумақтың тығыздылығы жол алаңын кеңейтуге мүмкіндік бермейді);

экологияға теріс әсерінің өсуімен және қозғалыс қауіпсіздігінің күрт төмендеуімен қала жолдарында автокөліктің тым көптігі;

қаланың халықаралық автокөлік даңғылы қиылысында орналасуы, сондай-ақ айналма жолдардың болмауы қаланың негізгі магистралдарының мерзімінен бұрын бұзылуын тудырады және экологияны нашарлатады;

электр көлігін дамытудың жеткіліксіз деңгейі.

Қозғалыстың қарқындылығы және автомобильдің шектен тыс көбеюі экологиялық ахуалды нашарлатады, сондықтан метрополитен салуды одан әрі жүзеге асырудың

мүмкіндіктерін белсенді іздестіру қажет.

Жобаның сметалық құны 662 млн. АҚШ долларына бағаланып отыр, қазіргі уақытта 142,9 млн. АҚШ доллары игерілді.

*Жобаны іске асыру бірқатар проблемалармен тоқайласқан, олардың ішінде:* қаланың геодезиялық және қала құрылысы ерекшеліктері - қоймалжың топырақтың, жер асты өзендерінің, жүзбе қорыстардың болуы, құрылыстың тығыз салынуы және жоғары сейсмикалық ауданда орналасуы (құрылыс жұмыстарын тоқтата тұру техногендік сипаттағы проблемалардың шиеленісуіне әкеп соғуы мүмкін); қаржы қаражатының жеткіліксіздігі (1994 жылдан бастап метро құрылысын орталықтандырылған қаржыландыру қысқартылды, 2001 жылы жүргізілген жоқ, 2002 жылы жергілікті бюджетте жобаны іске асыруға 350 млн. теңге көзделді); электрмен жабдықтаушы көздер қуатының жеткіліксіздігі; құрылыс алаңдарындағы 159 үйді бұзудың қажеттігі.

### **Б а й л а н ы с**

Қаладағы байланыс қызметін "Алматытелеком" МТӨ көрсетеді. Телефон желісінің жалпы сыйымдылығы 453798 нөмірді құрайды, оның ішінде электрондық станцияларының сыйымдылығы 33%-ті құрайды. Қазіргі уақытта оны тірек-транзиттік станция салу арқылы жаңғыртудың жаңа кезеңі жүзеге асырылуда, ол электрондық станцияларының сыйымдылықтың 45,4%-іне дейін арттыруға мүмкіндік береді.

### *Саланы дамыту проблемалары:*

республикада қазіргі заманғы байланыс құралдары жабдықтары өндірісінің болмауы;

қаланың жаңа шағын аудандарының байланыс қызметтерімен қанағаттанғысыз қамтамасыз етілуі.

## **1.8. Инвестициялық ахуал**

### **И н в е с т и ц и я л ы қ                      қ ы з м е т**

Алматы қаласының инвестициялық ахуалы тұрақты қоғамдық-саяси және экономикалық жағдай, банк жүйесінің тұрақтылығы, жинақтаушы зейнетақы қорларының, КУПА-ның, сақтандыру компанияларының, сервистік қызмет көрсетулер деңгейінің серпінді дамуы салдарынан біршама қолайлы деп сипатталады.

2000 жылдан бастап Алматы қаласының инвестициялық саясатының 2005 жылға дейінгі кезеңге арналған стратегиясы іске асырылуда.

Күрделі құрылыстың салалық құрылымында бірқатар жылдар бойы басымдықтарды өңдеу өнеркәсібі, сауда, көлік және байланыс ыңғайына қайта бөлу байқалады. Тамақ өнеркәсібіне бағытталған инвестициялардың үлесі 1999 жылдан бастап 3 есеге, саудаға, автомобильдер мен үй бұйымдарын жөндеуге - 28 есеге, көлік және байланыс саласына - 1,2 есеге ұлғайды.

2001 жылы қала объектілерінің күрделі құрылысына 24 млрд. теңге инвестиция



бағытталды, бұл 2000 жылмен салыстырғанда 2 есеге көп.

Күрделі құрылысқа шетелдік инвестициялардың көлемі 2001 жылы 3,0 млрд. теңге мөлшерінде қалыптасты, бұл жалпы көлемнің 12%-ін құрайды.

2-кесте

### Инвестициялар көлемінің өсу қарқыны

	1998 ж.	1999 ж.	2000 ж.	2001 ж.	2002 ж.
Негізгі капиталға инвестициялардың көлемі, млн. теңге	26839	50208	53909,3	114763	137188
Өткен жылға қарағанда қарқын, %	-	176,7	99,5	194,5	110,2
Ірі және шағын кәсіпорындар бойынша құрылысқа инвестициялар, млн. теңге	9499	10097	11213	24254,5	-*
Өткен жылға қарағанда қарқын, %	66,3	100,4	102,9	2	есе
Негізгі капиталға инвестициялардың республикалық көлемінде қаланың үлесі, %	10,2	13,6	9,1	12,2	11,5

\* есеп беру жылына бір рет көзделеді

Сонымен бірге, республика мен қала үшін басымдықты машина жасау, металл өңдеу, тоқыма, тігін өнеркәсібі, экология сияқты экономика салалары мен дамыту бағыттары инвесторлардың мүддесінен тыс қалуда.

*Негізгі проблемалар:*

төлемсіздіктер дағдарысымен шиеленісетін қаржы құралдарының төмен өтімділігі; анық ақпараттың жеткіліксіздігі.

**Қаржылық құралдар мен технологиялар**

2000 жылы 400 млн. теңге муниципальдық облигациялар эмиссиясы жүзеге асырылды. Облигациялық заемнан тартылған қаражат есебінен қала үшін басымдықты бірқатар жобалар қаржыландырылды.

"Алматы қаласын аймақтық қаржылық орталық ретінде дамыту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 27 шілдедегі N 1014 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі бағалы қағаздар, оның ішінде мемлекеттік емес бағалы қағаздар нарығын дамыту мәселелері бойынша нормативтік құқықтық базаны жетілдіру жөнінде шаралар қолдануда.

## 1.9. Сауда

### С ы р т қ ы с а у д а

Алматы қаласы 134 жақын және алыс шетелдермен сауда-экономикалық қарым-қатынас жасауда, олар бойынша сыртқы сауда айналымы 2002 жылдың 9 айында 2125,4 млн. АҚШ долларын құрады, бұл 2001 жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 23,7%-ке артық.

Экспорттық жеткізілімдердің көлемі 521 млн. АҚШ долларына бағалануда. Қала кәсіпорындары өнімі мен қаладан әкетілетін тауарлардың негізгі тұтынушылары: Швейцария, Қытай, Біріккен Араб Әмірияттары, Ресей және Украина болып табылады. Осындай ұқсас кезеңдегі импорттық жеткізілімдердің көлемі 1604,4 млн. АҚШ долларын құрады. Қалалық нарықты өнеркәсіптік өніммен, шикізатпен, материалдармен және халық тұтынатын тауарлармен молықтыруда Ресей жетекші болып табылады.

Сонымен бірге, экспорт пен импорттың тауар құрылымын талдау кәсіпорындардың, ұйымдардың және халықтың негізгі ақшалай ағыны импорт, негізінен, өңдеуші сала өнімдерін (машиналар, жабдықтар, тетіктер, алкогольдік және алкогольдік емес сусындар, дәрі-дәрмектер, тұтыну мақсатындағы өндірістік емес тауарлар) сатып алуға бағытталатындығын көрсетеді.

### Негізгі проблемалар:

экспорттың шикізатқа бағыттылығы сақталып отыр, импортта жоғары деңгейлі қайта өңдеу өнімі басымдық алып отыр.

### І ш к і с а у д а

Қаланың тұтыну нарығы тауарлармен және қызмет көрсетулердің барынша молығуымен ерекшеленеді. Бөлшек сауда айналымы 2002 жылдың 10 айында 236,8 млрд. теңге мөлшерінде қалыптасты және 2001 жылдың осындай деңгейіне қарағанда 3,5%-ке өсті. Қаланың базарларына (98) жалпы бөлшек сауда айналымының 73,6%-і келеді. 1998 жылдан бастап оларды жаңғырту жөніндегі белсенді жұмыс жүргізілуде. Базарлардың тауар айналымының өсуімен салыстырғанда сауда кәсіпорындарының бөлшек сауда айналымының ілгерілей өсуі (2001 жылы 51,5%) оң фактор болып табылады (19,6%).

Көтерме сауданың сауда айналымы 2002 жылғы 1 қарашадағы жағдай бойынша

265,5 млрд. теңгені құрады. Көтерме сауданы, негізінен, шағын (58,7%) және орта (36,4%) кәсіпорындар жүзеге асыруда.

Алматы қаласына қоғамдық тамақтандыру өнімінің республикалық айналымының 26,5% - і келеді.

#### *Сауданы дамытудағы проблемалар:*

басым көпшілігі шағын делдал ұйымдарынан тұратын көтерме сауда жүйесінің жетілмеуі баға деңгейіне кері әсерін тигізеді;

тиеу-түсіру жұмыстары тетігінің және қазіргі заманғы ақпараттық жүйелерді қолданудың төмен деңгейі;

тауарлардың қауіпсіздігі мен сапасына байланысты азаматтардың құқықтарын қамтамасыз етудің жеткіліксіз деңгейі.

### **1.10. Салықтар мен бюджет**

#### **С а л ы қ т а р**

1997 жылдан бастап қалада бюджетке салық түсімдерінің және алымдарының болжамы орындалуының қарқынды өсу серпіні қалыптасты. 2002 жылдың 9 айында Алматы қаласының біріктірілген бюджетіне барлық салық төлеушілерден 109,7 млрд. теңге түсті. Салықтар алымының болжамы 14,0%-ке асыра орындалды.

Қызмет саласы бөлінісіндегі салықтар мен төлемдер түсімдерінің құрылымы мына түрінде көрінеді:

өнеркәсіп	-	16,2%	(2001 жылдың 9 айында - 11,2%);
құрылыс	-	6,3%	(6,8%);
сауда	-	25,8%	(11,6%).

Сонымен бірге салық салу саласында бересінің едәуір көлемінің болуы, оның ішінде қайта тіркеуден өтпеген және салық органдарымен байланысын үзген, тоқтап тұрған кәсіпорындардың ауыспалы берешегінің болуы негізгі проблема күйінде қалып отыр.

#### **Б ю д ж е т**

2002 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша республикалық бюджетке Алматы қаласы 89,6 млрд. теңге (жиналған салықтар мен төлемдердің 81,7%), оның ішінде бюджеттік алулар түрінде - 15 млрд. теңге аударды.

Алматы қаласы бюджетінің кірістері 2002 жылдың 9 айында іс жүзіндегі көрсеткіштердің жоспардағыдан 14%-ке асып түсуімен сипатталады. Бюджет шығыстарында 43% бюджеттік алуларға келеді.

#### *Проблемалар:*

Алматы қаласының жергілікті бюджетінен республикалық бюджетке алулардың тұрақты нормативінің болмауы;

жергілікті бюджет шығыстарының негізінен ағымдағы шығындарға шоғырлануы, ірі инвестициялық жобаларды қаржыландыру мүмкіндігінің болмауы.

### **1.11. Мемлекеттік активтерді басқару**

2002 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша қаланың аумағында, негізінен, ғылым, мәдениет, білім беру, денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру салаларында жұмыс істейтін 1745 заңды тұлғалар мемлекеттік меншікте қалады немесе мемлекеттік үлесі болады.

Коммуналдық меншіктің шаруашылық жүргізуші субъектілерінің банкі 418 ұйымнан тұрады, оның ішінде 44-інде акциялардың мемлекеттік пакеті бар.

Жалға беру шартымен пайдалануға берілетін коммуналдық меншік объектілерін оңтайлы пайдалану 2000 жылмен салыстырғанда жалға беруден бюджетке түсетін түсімдердің 85,3%-ке өсуін қамтамасыз етуге мүмкіндік берді.

Шағын кәсіпкерлік субъектілерін басымдықты дамыту оларға мүлкітік жалдауға үй-жайлар беру арқылы қамтамасыз етілуде.

Коммуналдық меншік объектілерін оңтайлы пайдалануды қамтамасыз ету және оларды тиесілі техникалық жағдайға келтіру мақсатында "Қозғалмас" мемлекеттік қазыналық кәсіпорны құрылды.

1998-2001 жылдарда кепілдікті қамтамасыз ету ретінде жалпы сомасы 44,5 млн. АҚШ долларына коммуналдық меншік мүлігі берілді.

*Сонымен бірге, мемлекеттік активтерді басқару тетігінде бірқатар кемшіліктер бар, олардың ішінде:*

коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындардың (бұдан әрі - кәсіпорын) таза кірісінің бір бөлігін жергілікті бюджетке есептеу мен аударуда бақылаудың жеткіліксіздігі; кәсіпорындардың қаржы-шаруашылық қызметі нәтижелерін жинау мен талдау жүйесінің болмауы;

коммуналдық меншік объектілерінің бірыңғай деректер базасын жүргізу жөніндегі жеткіліксіз жұмыс;

республикалық және коммуналдық меншік объектілерін шектеу өлшемдері мен тетіктерінің болмауы.

### **1.12. Қоршаған ортаны қорғау және табиғатты пайдалану**

Алматы қаласы елдің ірі урбанизацияланған орталығы болып табылады. Алайда, қаланы физикалық-географиялық, табиғи-климаттық ерекшеліктер мен экологиялық талаптарды жеткілікті есепке алмай дамыту оның аумағында экологиялық теңдіктің бұзылуына әкеп соқтырды. Алматы республиканың неғұрлым экологиялық қолайсыз қалаларының қатарында қалып отыр. Табиғи жел өтінің әлсіздігі және зиянды заттар шығарындыларының жылжымалы және стационарлық көздері санының көп болуы жағдайында әуе бассейнінің ластануы қаланың табиғи ортасының жай-күйіне келеңсіз ықпал етудің басты факторы болып табылады.

Жыл сайын қаланың әуе бассейніне 180 мың тоннаға жуық ластаушы заттар шығарылады, олардың 80%-тен астамы жылжымалы көздердің шығарындыларын құрайды. Олардың саны 10 жылда екі еселенді және 200 мың бірлікке жетті. Бұдан басқа, күн сайын қалаға шығарындылары есепке алынбайтын қаладан тыс жерлерден

келген 50 мың бірлікке жуық автомобиль кіреді.

Ластаушы заттардың қатарында шоғырланудың шекті-рұқсат етілген көлемінің: шаң (салмағы өлшенген заттар), көмірсутектің тотығы бойынша - 1,1 - 1,3 есеге, азоттың диоксиді - 1,3 - 1,5, фенол - 1,3 - 1,7, формальдегид - 4,7 - 6,6 есеге асып түсуі үнемі байқалуда. Әуе бассейнінің едәуір ерекше ластануы жылжымалы және стационарлық көздердің зиянды шығарындыларының көлемі атмосфераның өзін-өзі тазартуға қабілетінен асып түсетін жылдың салқын уақытында байқалады.

Таза судың жаңартылатын ресурстарының басым бөлігі қалыптасатын Іле Алатауы тауларында экологиялық ахуалдың нашарлауының теріс үрдісі байқалуда.

Шағын өзендердің алқаптарында халықтың және шаруашылық объектілердің санының өсуі су ағызғылардың гидрологиялық теңгерімінің, жер асты суларының гидрогеологиялық режимінің бұзылуына, жер беті және жер асты сулары ластануының ұ л ғ а ю ы н а ы қ п а л е т е д і .

Экологиялық ахуалдың едәуір нашарлауы қала маңындағы жерлерді беталды пайдалануына және оларда құрылыс салуға, улы қалдықтарды көму жөніндегі полигонның болмауына байланысты.

Рекреациялық аумақтар орман-мелиоративтік және көгалдандыру жұмыстарын ж а н д а н д ы р у ғ а м ұ қ т а ж .

Қазіргі уақытта Алматы қаласының экологиялық ахуалын жандандыру жөніндегі басқарушылық және шаруашылық шешімдердің тиімділігін арттыру мақсатында қоршаған табиғи ортаның мемлекеттік мониторинг жүйесі жетілдіруге мұқтаж.

## **2. БАҒДАРЛАМАНЫҢ МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ**

**Алматы қаласын одан әрі дамыту үшін негізгі алғышарттар:**  
республикадағы және Алматы қаласындағы жалпы әлеуметтік-экономикалық жағдайды тұрақтандыру;

барлық агломерацияны қарқынды дамытуды қамтамасыз ету жөніндегі Алматы қаласының мүмкіндіктері мен осының негізінде қуатты мультипликациялық нәтиже а л у ;

қаланың және іргелес аумақтың экономикасын дамытудың ұйғарылып отырған міндеттерін шешу үшін еңбек ресурстарының жеткіліктілігі;

қалада іскер, қаржы және ғылыми құрылымдардың, халықаралық ұйымдар өкілдіктерінің едәуір бөлігінің шоғырлануы;

Алматы облысының рекреациялық әлеуетімен қоса алғанда туризмнің қазіргі заманғы индустриясын құру үшін нақты базаны құрайтын туристік бизнестің инфрақұрылымын дамыту болып табылады.

Қазіргі алғышарттар мен Алматы қаласын және оған іргелес аумақтарды одан әрі дамыту мүмкіндіктерін ескере отырып, осы бағдарламаның мақсаты мен міндеттері

а й қ ы н д а л д ы .

Осы бағдарламаның басты мақсаты қаланың айрықша, яғни республикалық маңызы бар қала мәртебесіне сәйкес оның жаңа кейпін қалыптастыру және республиканың қаржы, ғылыми, білім беру, мәдени және туристік орталығы ретіндегі айқындамасын бекіту болып табылады.

Алматы қаласының функционалдық және қала құрайтын құрылымдары, тыныс-тіршілігін қамтамасыз ету жүйесінің деңгейі қазіргі заманғы қалалардың әлемдік стандарттарына сәйкес келуі және тіршілік ету үшін қолайлы жағдайды қамтамасыз етуі тиіс.

**Қойылған мақсатқа жету үшін мынадай міндеттерді шешу талап етіледі:**

қаланың және оның шеткері аймағының экономикасының мақсатты функционалдық-салалық құрылымын құру;

қаланың және оған іргелес аумақтың қалыпты және тұрақты тыныс-тіршілігі үшін ұйымдастыру-экономикалық және нормативтік құқықтық жағдайлар жасау;

Алматы қаласының айрықша мәртебесіне сәйкес келетін қазіргі заманғы инфрақұрылым құру;

экономика саласындағы ғылымды қажетсінетін өндірістер мен инновациялық технологияларды дамыту;

кедейлік ауқымын қысқарту;

жұмыссыздық деңгейін қаланың бірқалыпты әлеуметтік-экономикалық дамуын қамтамасыз ету процестеріне қатер әкелмейтін шамаға дейін төмендету, әрбір отбасының кемінде бір мүшесін жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету;

жоғары дәрежелі қайта өңдеу өнімі экспортының өсуін ескере отырып, әлем елдерімен тығыз әріптестік қарым-қатынастар орнықтыру;

туризмді дамыту жөніндегі ұйымдастыру және құқықтық шаралар кешенін әзірлеу, туризмнің пайдалы және бәсекеге қабілетті индустриясын құру;

қаланы дамытудың Бас жоспарына сәйкес, оның тиімді жұмыс істеуіне және экономикалық ұдайы өндірісіне ықпал ететін неғұрлым оңтайлы қала құрылысы шешімдерін айқындау;

мемлекеттік активтерді және қаланың тыныс-тіршілігін қамтамасыз ету объектілерін басқарудың тиімділігін арттыру;

экологиялық ахуалды жақсарту және қаланың мүмкін болатын дүлей апаттарға және табиғи зілзалаларға үнемі дайын болуын қамтамасыз ету;

Алматы қаласының республиканың қаржы, ғылыми, білім беру, мәдени және туристік орталық ретіндегі бейнесін ұстап тұру.

### **3. БАҒДАРЛАМАНЫҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ ЖӘНЕ ОНЫ ІСКЕ АСЫРУДЫҢ ТЕТІГІ**

### 3.1. Әлеуметтік саланы дамыту

#### Д е м о г р а ф и я л ы қ      д а м у

##### Б а с ы м д ы қ т а р :

отбасы және неке институтын дамыту үшін жағдайлар жасау;  
белсенді демографиялық саясатты жүргізу;  
демографиялық дамудың сапалы көрсеткіштерін жақсартуға қол жеткізу.

##### Ш е ш у      ж о л д а р ы

Халықтың табиғи өсімін халықтың өмір сүру сапасын арттыру мен денсаулығын жақсарту есебінен қамтамасыз ету жөніндегі шаралар қолданылатын болады.

Отбасы және неке институтын дамыту, сондай-ақ жастарды жаңа экономикалық жағдайларға әлеуметтік бейімдеуге бағытталған жастар бағдарламаларын іске асыру  
б а с ы м                              б а ғ ы т                              б о л а д ы .

Аумақтық емханаларда бала босанатын жастағы әйелдерді қазіргі заманғы сауықтыру мақсатында диспансерлеу жөніндегі жұмыс қайта қолға алынады.

Балалар тағамын шығару жөніндегі мамандандырылған кәсіпорындар желісін құру және бір жасқа дейінгі балалар үшін балалар асханасы желісін ашу (тегін тамақтандыру ) жоспарланып отыр, бұл сәбилердің сырқаттануы мен шетінеуінің деңгейін қысқартуға  
м ү м к і н д і к                              б е р е д і .

Оралмандардың өмір-тіршілігін жақсарту үшін жағдай жасалатын болады. Қажетті инфрақұрылымдар құра отырып, "Байбесік" поселкесін салуды аяқтау жоспарлануда.

Демографиялық процестерді реттеу мақсатында Алматы қаласы халқының экономикалық нормативтері әзірленетін болады.

##### Т ұ р м ы с      д е ң г е й і

##### Б а с ы м д ы қ т а р :

Еңбек нарығындағы ахуалды жақсартуды сипаттайтын сапалы көрсеткіштерге қол жеткізу және азаматтардың әл-ауқаты деңгейін өсіру;  
жұмыссыздық деңгейін төмендетудің тиімді тетіктерін енгізу;  
халықты әлеуметтік қамсыздандырудың тиімді жұмыс істейтін жүйесін құру.

##### Ш е ш у      ж о л д а р ы

Еңбек нарығындағы ахуалды және қала экономикасының қажеттілігін ескере отырып, жұмыссыздарды кәсіби оқыту мен қайта даярлаудың икемді жүйесі жасалатын  
б о л а д ы .

Кедейлікті қысқарту және жұмыссыздықты төмендету мақсатында:  
әрбір отбасының кемінде бір мүшесін жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету;  
кәсіпорындармен бірлесіп, жұмыссыз азаматтарды шаруашылық жүргізуші субъектілердің тапсырмасы бойынша оқытуға ақы төлеу тетігін енгізу;  
арнайы іріктеуден өткен жұмыссыздар қатарындағы тұрмысы төмен азаматтарға гранттар мен шағын кредиттер беру тетіктерін әзірлеу және кәсіпкерлік қызмет  
д а ғ д ы л а р ы н а                              ү й р е т у ;

халықты әлеуметтік бейімдеу және өзін-өзі ұйымдастыру мәселелері бойынша тренингтер өткізу көзделіп отыр.

Алдағы кезеңде қалада халықты әлеуметтік қорғауды жақсартуға бағытталған міндеттердің толық кешені шешілетін болады.

Тұрмысы төмен азаматтарды есепке алу және әлеуметтік көмек көрсету мониторингі жүйесін жетілдіру оның атаулылығын күшейтуге мүмкіндік береді. Бұл, өз кезегінде, әлеуметтік бағдарламалардың тиімділігін арттыруға ықпал ететін болады.

Ересек адамдардың демалу және емделу мүмкіндігін кеңейту мақсатында санаторийлерге жолдамалар сатып алуға қосымша қаражат іздестірілетін болады.

Қалада зейнеткерлерге әлеуметтік қызмет көрсету аумақтық орталықтары ашылып, белгілі тұрғылықты жері жоқ адамдар үшін әлеуметтік бейімдеу орталықтары құрылатын болады. Жалғызбасты қарттар мен мүгедектерді күтіп бағуды жақсарту үшін интернат-үйлер желісі кеңейтілетін болады.

### **Д е н с а у л ы қ                    с а қ т а у**

#### **Б а с ы м д ы қ т а р :**

халықтың денсаулық жағдайын сипаттайтын сапалы көрсеткіштерді жақсарту; аурулардың алдын алуды күшейту және салауатты өмір салтын насихаттау; ұсынылатын медициналық қызметтердің сапасын арттыру, олардың халықтың барлық тобы үшін қолжетімділігі; емдеу әдістерінің алдыңғы қатарлы технологияларын енгізу.

#### **Ш е ш у                    ж о л д а р ы**

Қаланың денсаулық сақтау ісін жақсарту үшін: жеке секторды дамыту, көрсетілетін ақылы қызметтердің тізбесін кеңейту, дәстүрлі емес емдеу әдістерін енгізу;

мемлекет кепілдік берген жалпыға қолжетімді медициналық көмектің сапасын жақсарту;

жүрек-қан тамыры жүйесі, эндокриндік аурулармен ауыратын азаматтарды, бала босанатын жастағы әйелдерді диспансерлік қадағалау қызметін дамыту; халықтың әлеуметтік-қорғалатын тобын дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етуді жақсарту;

мемлекеттік ұйымдарды жаңа медициналық жабдықтармен қамтамасыз ету және дәлелді медицинаға негізделген алдыңғы қатарлы технологияларды енгізу;

денсаулық сақтаудың жай-күйі мен медициналық және фармацевтикалық ұйымдар қызметінің, дәрілік заттардың адамның денсаулығына зиянды әсері мониторингінің бірыңғай ақпараттық жүйесін құру;

фармацевтік және медицина өнеркәсібін дамыту;

денсаулық сақтау инфрақұрылымын дамыту. Жаппай тұрғын үй құрылысын салу аудандарында халыққа алғашқы медициналық-санитарлық көмек көрсету объектілерін ашу; психиатриялық аурухана салу; халыққа жедел және кезек күттірмейтін көмек



көрсету жөнінде көп салалы клиника салу; үлгі-жобадағы перинаталды орталық, СПИД-ке қарсы күрес жөніндегі қалалық орталық салу; крематорийі бар қалалық мәйітхана салу мәселелері пысықталатын болады.

Салауатты өмір салтын қалыптастыру бағытында ДДСҰ-ның "Салауатты қалалар", "Салауатты мектептер", "СӨС принциптерін насихаттайтын ауруханалар", "Отбасының денсаулығы" жобаларын іске асыру жоспарланып отыр.

## **Б і л і м б е р у**

### *Б а с ы м д ы қ т а р ы :*

білім берудің тәрбиелік функциясын күшейту;  
мектепке дейінгі, жалпы орта және кәсіби білім берудің үздіксіздігі мен сабақтастығын қамтамасыз ету;  
еңбек нарығында бәсекеге қабілетті мамандарды даярлауды қамтамасыз ететін білім берудің тиімді жүйесін қалыптастыру.

### *Ш е ш у ж о л д а р ы*

Мыналар арқылы білім берудің сапасына баға беру өлшемдері енгізіледі:  
оқытудың әдістемесін әзірлеу жөніндегі ғылыми-әдістемелік зертхана құру;  
білім беру, оқыту және тәрбие беру ұйымдарының жұмыс сапасының мониторингі жүйесін әзірлеу.

Оқытудың бірегей оқу-әдістемелік құралдары мен жаңа технологияларын әзірлеу үшін мұғалімдер мен ғалымдарды біріктіретін ұжымдар құру белгіленуде.

Білім беру инфрақұрылымын одан әрі дамыту мақсатында тұрмысы төмен отбасылардың балаларына, өсіп-жетілуі кешеуілдеген балаларға арналған балабақшалар ашу, жаңа мектептер салу көзделуде.

Білім берудің мазмұнын жаңалау балабақшалар мен мектептердің базасындағы сынақ алаңдары мен оқу-тәрбие орталықтары арқылы жүзеге асырылады. Бірнеше тілде оқытатын жаңа ұлттық мектептің тәжірибелік моделін құру көзделуде.

Бастауыш және кәсіби орта білім берудің жүйесін дамыту мақсатында: барлық жерде мемлекеттік жалпыға міндетті бастауыш және орта кәсіптік білім беру стандарттарын, оқулықтардың жаңа буынын енгізу; еңбекке баулу стандарттарын енгізу, "мектеп-кәсіби мектеп (лицей)" үлгісіндегі кешендер құру;

еңбек нарығының қажеттеліктеріне сәйкес кәсіби білім беретін оқу орындарын қайта бейімдеу, оларды компьютерлердің жаңа буынымен жабдықтау және оқу-әдістемелік жағынан қамтамасыз ету көзделуде.

Білім беру жүйесінде әріптестікті дамытуды қамтамасыз ету үшін кадрларды нарық қажеттіліктеріне сәйкес даярлау бағдарламасын әзірлеу және білім беру мекемелерінің кішігірім фирмаларға олардың қызметкерлері үшін қысқа мерзімді курстар, семинар сабақтарын ұйымдастыру жолымен жәрдем көрсетуі жоспарлануда.

## **М ә д е н и е т ж ә н е с п о р т**

## Б а с ы м д ы қ т а р ы :

қаланың мәдени және спорт инфрақұрылымын сақтау және жаңғырту;  
спортпен айналысуға жағдай жасау жолымен халықтың салауатты өмір салтымен  
өмір сүруге қызығушылығын арттыру;

Республиканың мәдени орталығы және халықаралық дәрежедегі спортшыларды  
даярлау орталығы ретіндегі Алматы қаласының рөлін күшейту.

## Ш е ш у ж о л д а р ы

Қаланың мәдени инфрақұрылымын дамыту және оның мәдени орталық ретіндегі  
беделін көтеру мақсатында:

муниципалдық театр, филармония, халық шығармашылығы орталығын құру;

Алматы қаласының тарихи-өлкетану мұражайын ашу;

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің іргелі кітапханасының  
ғимаратын салу;

қаланың барлық кітапханаларын компьютерлендіру мүмкіндіктері іздестіріледі.

Ескерткіштерді күтіп ұстау ережелерін сақтау мәселелерінде бақылауды жүзеге  
асыру үшін Алматы қаласында тарихи-мәдени мұраларды қорғау және пайдалану  
жөніндегі қалалық инспекция құрылады.

"Мультиплекс" үлгісіндегі қазіргі заманғы кинотеатрлар, сондай-ақ шағын залдары  
бар электрондық кино цифрлық кинотеатрларының желісін құру көзделуде.

"Еуразия" халықаралық кинофестивалін өткізуді қалпына келтіру жөнінде шаралар  
қолданылады, мұның өзі отандық кинематографтың дамуына игі ықпал етеді.

Көркем, деректі және ғылыми-көпшілік фильмдердің қалалық кинобейне қорын  
құру жоспарлануда.

Дене шынықтырумен және спортпен шұғылдануды дағдыға айналдыру мақсатында:  
спорттағы дарынды балаларға арналған мамандандырылған мектеп; балалар мен  
жасөспірімдер спорт мектебін; дәрігерлік-дене шынықтыру диспансерін; дәстүрлі емес  
сауықтыру дене шынықтыру орталығын; спортшыларды олимпиадалық даярлау  
орталығын ұйымдастыру жоспарлануда.

Алматы қаласында әртүрлі халықаралық спорт жарыстарын өткізудің болашағын  
ескере отырып, "Самал" шағын ауданындағы спорттық ойын-сауық кешенінің  
құрылысын аяқтау жоспарлануда.

## 3.2. Өнеркәсіп пен энергетикалық кешенді дамытудың негізгі бағыттары

### Ө н е р к ә с і п

#### Б а с ы м д ы қ т а р ы :

тиімділігі жоғары өнеркәсіптік аймақтар (өсу нүктелерін) құру;  
кәсіпорындарды технологиялық қайта құру, жаңа технологияларды кең ауқымда  
енгізу және таралымын көбейту;

өндіріс құрылымын ұтымды өзгерту ғылыми-техникалық саланы кейіннен

коммерциялай отырып, жоғары технологиялардың өз жанындағы орталықтарын құру, тұрақты экспорттық блок қалыптастыру.

### Ш е ш у ж о л д а р ы

Жұмыс істеп тұрған ірі және орташа кәсіпорындардың өз өндірісі үшін өнімге және құрауыштарға қажеттіліктеріне толық ауқымды талдау жүргізілетін болады, бұл жергілікті нарықтың сыйымдылығы мен әлеуетін анықтауға және оларды шағын кәсіпорындарда шығаруға мүмкіндік береді.

Сатып алынатын техника түрлері мен технологияларды, олардың әлемдік стандарттарға және қалалық өнеркәсіптік жағдайларға сәйкестік деңгейін анықтауды ескере отырып, конъюнктуралық зерттеулерді жүзеге асыру жоспарлануда. Осы жұмыстың негізгі басымдылығы зерттеулердің өнеркәсіп өндірісі талаптарына бағыныстылығы болмақ.

Ғылыми-техникалық өнім жарнамасын ұйымдастыру, технологияларды алушылар мен жеткізушілер туралы деректер банкін құру керек болады.

Интеграциялық байланыстарды кеңейту, бірлескен кәсіпорындар құру, тендерлік тетіктерді пайдалану арқылы кәсіпорындарды жаңарту жөніндегі шаралар кешенін өткізе отырып, оларды дамыту стратегиясын айқындауға айрықша назар аударылатын болады.

Қолайлы баға бойынша отандық және шетелдік инвесторларға ұсынылатын, әлемдік және отандық нарықта өздерін оңынан көрсеткен кәсіпорындардың мүліктік кешендерін қалыптастыра отырып, кәсіпорындарды оңалту тетігі дамытылатын болады.

### М а ш и н а ж а с а у

Машина жасауды дамыту мақсатында жоспарланып отырған бүкіл кезең ішінде: өндірісті ұйымдастыру және өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығы техникасы үшін қажетті қосалқы бөлшектердің шығарылуын игеру;

авто- және электр көлігі құралдарының өз жанындағы өндірістік базасын дамыту; теледидар, компьютер, есептеу аппаратурасының және халық шаруашылығына арналған аспаптардың өз жанындағы өндірістерін дамыту көзделетін болады.

Өндірістерді машина жасау кәсіпорындарының жанынан бас кәсіпорынның мұқтаждары үшін құрауыштар шығаруға бағдарланған шаруашылық жүргізудің шағын нысандарын құруды ынталандыру жолымен жинақтау жағдайын жақсартуды көздеу қажет.

Машина жасау кәсіпорындарын қолдаудың негізгі шаралары: тапсырыстарды жабдықтардың жекелеген түрлерін дайындауға орналастыру; елдің қорғаныс және жұмылдыру қажеттіліктері үшін мемлекеттік сатып алу; басым инвестициялық жобаларға орта және ұзақ мерзімді кредит беру болады.

### Құрылыс материалдарының өнеркәсібі

Осы саланың кәсіпорындарында өнімнің өсуіне ішкі нарықта талап етілетін жаңа

өнім түрлерін игеру есебінен қол жеткізілетін болады. Таяу арадағы 3-4 жылда сала кәсіпорындарында: цемент-құм черепица, сапасы жақсартылған жылу қымтағыш материалдар сияқты өнімнің жаңа түрлері игерілетін болады. Табан жолдар плиткасын, жоғары сапалы құрғақ құрылыс қоспаларын шығару жөніндегі жаңа қуаттарды енгізу б о л ж а н ы п о т ы р .

### **Х и м и я ө н е р к ә с і б і**

Саланы дамытудың болашақ бағыты косметика өнімін шығару және дәрі-дәрмек п р е п а р а т т а р ы н ө н д і р у б о л м а қ .

Қысқа мерзімде күйікке қарсы тиімді вакцина өндіру кәсіпорындарға мемлекеттік тапсырысты орналастыру жолымен "Биоком" ЖШС-ға жүктелетін болады.

### **Ж е ñ і л ө н е р к ә с і п**

Жеңіл өнеркәсіптің ерекшелігі айналым қаражатының салыстырмалы түрде жылдам а й н а л у ы н а б а й л а н ы с т ы .

Салада ішкі нарықтың қажеттілігін қанағаттандыруға қабілетті көлемдерде өнім шығару үшін қажетті ғылыми-өндірістік әлеует, сенімді шикізат базасы бар.

Саланы дамыту бәрінен бұрын, отандық ауыл шаруашылығы шикізатын қайта өңдеуге бағдарланған қолда бар өндірістік әлеует базасында жүзеге асырылатын б о л а д ы .

Саладағы бірінші кезекті міндет тиімділігі төмен өндірістерді қайта бейімдеу немесе саралау, олардың базасында ұтқыр бәсекелес өндірістер құру болмақ.

Жеңіл өнеркәсіп кәсіпорындарын іріктеп қолдаудың негізгі нысандары әскери және оларға теңестірілген тұтынушылар, әлеуметтік мекемелер үшін конкурстық негізде олардың өнімін мемлекеттік сатып алу және орта және ұзақ мерзімді кредит беру б о л м а қ .

### **Т а м а қ ө н е р к ә с і б і**

Саланың негізгі міндеті түпкі бәсекеге қабілетті өнімге Алматы қаласы мен жақын жатқан аумақтар халқының қажеттіліктерін толық қанағаттандыру, аймақаралық ауыстыру мен экспортты кеңейту болып табылады. Дайындық деңгейі жоғары, экологиялық таза, сондай-ақ сақтау мерзімі ұзақ өнім өндірісін дамыту басым дамытуға и е б о л а д ы .

Алматы облысының ауыл шаруашылық өндірушілерінің және Алматының тамақ өнеркәсібі қайта өңдеу кәсіпорындарының күш-қуатын біріктіру жолымен сапасы жоғары сүт өнімдерін өндіруді кеңейту жоспарланып отыр.

### **Э н е р г е т и к а л ы қ к е ш е н**

*Б а с ы м д ы қ т а р ы :*

ресурсты үнемдеудің қатаң саясатын жүргізу;  
электр энергиясының бәсекелес нарығын дамыту;  
энергетикалық өндіріс саласында жаңа экологиялық таза технологияларды дамыту;  
қазіргі энергетикалық жүйелерді қайта жаңарту және жаңғырту;

саланы рентабельділіктің ғылыми негізделген деңгейіне шығару, қала мен оған іргелес аумақтардың жылуға және электр энергиясына өсіп келе жатқан қажеттіліктерін қ а м т а м а с ы з е т у .

### Ш е ш у ж о л д а р ы

Энергетика кешені қала экономикасының жалпы құрылымында экономиканың барлық салалары үшін базалық және баға белгілеуші болып табылады. Оны тұрақтандыру және одан әрі көтеру жағдайында энергия тұтынудың өсуі күтіледі.

Электр энергиясына қажеттіліктің өсуі аймақты энергиямен қамтамасыз етудегі қиындықтың бірқатар сақталуымен қатар жүреді, өйткені энергетикалық объектілерді іске қосу мен қайта жаңарту жөніндегі іс-шараларды іске асыру жағдайында ғана бұл проблеманы толық шешуге болады.

Өндірушілер мен тұтынушылар үшін ресурсты үнемдеу жөніндегі жұмысты тартымды және экономикалық жағынан пайдалы ету үшін ресурсты үнемдеу саясатының жүргізілуін ынталандыру стратегиялық бағытқа айналады. Талдау көрсеткендей, ресурсты үнемдейтін технологияларға арналған шығындар ресурстардың қосымша өсімін алу үшін капитал жұмсалымына қарағанда, 2-3 есе төмен.

Жоғарыда аталған бағытта тиісті кәсіпорындардың қаражаты есебінен мынадай іс-шараларды жүргізу жоспарланып отыр:

жұмыстар мен қызметтер көрсету өндірісіне жұмсалатын шығындардың энергетикалық құрамын төмендету арқылы қала экономикасын дамытудың энергия үнемдеу жолына біртіндеп ауыстыруды жүзеге асыру;

өндірілетін және жұмсалатын отын-энергетикалық ресурстарды шынайы есепке алуды ұйымдастыру, қалалық отын-энергетикалық теңгерім жасау;

ресурсты тиімді үнемдеу тұрғысынан кәсіпорындар мен мекемелерге тексеруді ұйымдастыру ;

монополиялық энергетикалық нарықта бәсекелестікті дамыту мақсатында тәуелсіз өндірушілердің энергия ресурстары нарығына қол жетімділікті қамтамасыз ету;

ресурсты үнемдейтін нормалар мен нормативтерді әзірлеу және енгізу, оларды стандарттау мен сертификаттауды ұйымдастыру;

ресурсты үнемдеу нормативтеріне сәйкестігіне қарай енгізілетін негізгі қорларға, технологияларға, бизнес-жобаларға сараптама жүргізу; ресурс үнемдеуді насихаттау.

Пайдаланылған ресурсты ескере отырып, негізгі қорларды жаңарту жөнінде жұмыстар жүргізу, құрылыстар мен желілерді жаңғырту және қайта жаңарту мақсатында :

ЖЭО-1, 2, 3 оңтүстік-шығыс қазандықтарын қайта жаңарту және кеңейту; магистралды және таратушы жылу желілерін салу; ААЭК және СЭС-тегі электр желілері объектілерін салу және қайта жаңарту; жылу мен энергия тұтынуды бақылау мен есепке алудың автоматтандырылған

ж ү й е с і н

е н г і з у ;

ЖЭО-1-ді неғұрлым сапалы әрі арзан Шұбаркөл көмірін жағуға көшіру;  
Алматы қаласының энергетикалық теңгеріміне экологиялық таза энергия енгізу (Көксу өзеніндегі СЭС каскадын, Іле СЭС-ін іске қосу, ыстық сумен қамтамасыз ету жүйесін күн сәулесі жылу коллекторларын пайдалануға жоспарлы түрде ауыстыру) көзделеді.

### **Ғылым және инновациялық қызмет**

#### **Б а с ы м д ы қ т а р ы :**

ғылыми зерттеулердің республика мен қаланы әлеуметтік-экономикалық дамыту талаптарына бағыныстылығы;

ақпараттық жүйелер мен технологияларды дамыту;  
республика мен қала экономикасына инновациялық технологияларды жаппай енгізу

#### **Ш е ш у ж о л д а р ы**

қаланың ғылымды көп қажет ететін өндірістері бар ғылыми-зерттеу мекемелері мен жоғары оқу орындарының күш-жігерін біріктіру үшін жағдай жасау көзделеді. Жоғары оқу орындарының бірқатарында инновациялық жетістіктерді дамыту және енгізу жөніндегі эксперименттік алаңдар құру жоспарланып отыр.

Ғылыми-зерттеу мекемелері мен білім беру ұйымдарын интеграциялаудың негізгі мақсаты нарықтық экономика заңдарының негізінде әрекет ететін ғылымның қолданбалы секторын құру болмақ.

Ғылымды көп қажет ететін өндіріс ошақтарын дамыту аралық мақсат болады, бірінші кезеңде оның бірі ақпараттық технологиялар паркі болмақ, оны Алатау кентіндегі Ядролық физика институты базасында жүзеге асыру жоспарланып отыр.

Ақпараттық технологиялар паркін (бұдан әрі - АТП) құрудың негізгі міндеті: қаланың ғылыми, зияткерлік және өндірістік әлеуетін неғұрлым толық пайдалану мен дамытуға жәрдемдесу;

ақпараттық және инновациялық технологияларды дамыту, болашағы бар зерттеулердің нәтижелерін өндіріске жедел беру болып табылады.

#### **АТП қызметінің негізгі бағыттары:**

жоғары технологияларды, ғылымды көп қажет ететін әзірлемелерді өнеркәсіптік игеру, бәсекеге қабілетті өнімдерді өндіру жөніндегі инвестициялық және инновациялық жобаларды іске асыру;

инновациялық процестің барлық сатыларын қамтамасыз ететін тиімді инновациялық құрылым жасау және осы тәжірибені экономика саласына енгізу;

ғылыми-өндірістік кәсіпорындардың жергілікті атқарушы органдармен тұрақты әрі өзара тиімді ынтымақтастығының экономикалық қуатты моделін жасау.

### **3.3. Орта және шағын бизнесті дамыту**

## *Б а с ы м д ы қ т а р ы :*

шағын кәсіпкерліктің инфрақұрылымын дамыту;  
қолда бар өндірістік алаңдарды тиімді пайдалану;  
шағын бизнеске қаржылай қолдау көрсету;

тоқтап тұрған өндірістік қорларды пайдалана отырып, шағын және орта бизнесті  
д а м ы т у ;

ірі, орта және шағын кәсіпорындар арасындағы кооперацияланған байланыстарды  
д а м ы т у ;

өзі шығаратын өндіріс тауарларымен ішкі нарықты толықтыру,  
ғылыми-технологиялық өнімдер нарығына қосу.

## *Ш е ш у ж о л д а р ы*

Басым міндеттері жаңа технологиялар саласындағы бизнес-жобаларды қолдау,  
тиімді шарттарда лизингке жабдықтар беру, сондай-ақ венчурлік операцияларды  
жүзеге асыру болатын инновациялар мен кәсіпкерлікті қолдау қорын құру  
ж о с п а р л а н ы п о т ы р .

Ақпараттық-маркетингтік орталық ашу көзделеді, оның қызметі мынадай  
міндеттерді шешуге бағытталады болады:

өндіруші кәсіпорындар, сауда фирмалары және басқа да кәсіпкерлік қызмет  
субъектілері туралы деректер банкіні құру, тауар нарығына маркетингтік зерттеулер  
ж ү р г і з у ;

консалтингтік қызметтер көрсетуді ұсыну;  
басым инвестициялық жобалар портфелін қалыптастыру;  
маркетингтік ақпарат жинау және ұсыну;  
кәсіпорындарға өз маркетингтік қызметтерін құруға жәрдемдесу;  
кәсіпорындарға кең ауқымды ақпараттық қызметтер көрсету.

Аймақта өндірілетін тауарлар мен қызметтер көрсету жарнамасын қамтамасыз ету  
үшін тұрақты жұмыс істейтін сауда-көрме орталығын құру көзделеді, ол қоғамда  
отандық тауарларға және оларды өндірушілерге оң қарым-қатынас қалыптастыруға  
ы қ п а л е т е д і .

Бизнес-инкубаторлардың тағы бір түрі "Филип Моррис Қазақстан" АҚ Алматы  
темекі комбинаты мүліктік кешенінің аумағында өнеркәсіп паркін құру болмақ.

Шағын бизнес субъектілеріне кредит беру тетігін жетілдіру мақсатында  
кәсіпорындарға қаржылай қолдау көрсетудің ұқсас түрлерін (лизингтік кредиттер және  
басқа да тетіктер), сондай-ақ аманат қорларын және өзара кредиттеу қорларын құру  
жүйесін дамыту көзделеді.

### **3.4. Туризмді дамыту**

## *Б а с ы м д ы қ т а р ы :*

аймақтың лайықты туристік бет-бейнесін қалыптастыру;  
отандық және шетелдік туристік қызметтерді тұтынушылардың сұранысын

қанағаттандыратын бәсекеге қабілетті туристік саланы қалыптастыру;  
туризмді дамыту үшін экономикалық және құқықтық жағдайлар жасау;  
жарнамалық-ақпараттық қызметті, туризмнің инфрақұрылымы мен материалдық  
б а з а с ы н д а м ы т у ;

туризмді экономиканың табысты саласына айналдыру.

**Ш е ш у ж о л д а р ы**

**А л м а т ы қ а л а с ы н д а :**

көлік, туристік сервис, қоғамдық тамақтандыру, демалыс және ойын-сауық,  
ақпараттық қызмет, медициналық қызмет көрсету, туристердің қауіпсіздігін  
қамтамасыз ету кәсіпорындарының жұмысын жетілдіру негізінде туризм индустриясын  
қ а л ы п т а с т ы р у ;

Алматы қаласының әуежайында, темір жол және автовокзалдарында сервистік  
т у р и с т і к қ ы з м е т к ө р с е т у ;

тартымды туристік өнімдер жасау;

"Жібек жолы тарихи орталықтарының қайта өрлеуі, түркі тілдес мемлекеттердің  
мәдени мұрасын сақтау және сабақтастықпен дамыту, туризм инфрақұрылымын  
дамыту" мемлекеттік бағдарламасын іске асыру;

бірыңғай электрондық ақпарат кеңістігін, жарнама-ақпарат қызметі жөніндегі  
т у р и с т і к о р т а л ы қ к ұ р у ;

экологиялық, қаржылық, бизнес-туризмді ұйымдастыруды жетілдіру;  
экскурсия қызметін дамыту, "Алматы қонағы" дисконттық карточкасын енгізу,  
қалада экскурсиялық бюро; ілесіп жүру, "051" кәсіби қызметтерін құру;

туристік ұйымдардың қызметін үйлестіру, олардың мониторингі;  
туристік қызметтер көрсету халықаралық нарығында қаланың үлес-орнын айқындау  
үшін маркетингтік зерттеулер жүргізу;

туристік нарық айқындығын қамтамасыз ету мен дамуын болжамдау үшін оның  
нақты кірістері мен шығыстарын есепке алу жүйесін енгізу;

туристік кадрларды даярлау, қайта даярлау және біліктілігін арттыру жүйесін  
жетілдіру жөніндегі туризмді дамыту бағдарламасын әзірлеу жоспарланып отыр.

### **3.5. Қала құрылысы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықты дамыту**

**Қала құрылысы және көркейту**

**Б а с ы м д ы қ т а р ы :**

Алматы қаласын және оған іргелес аумақтарды тиімді аумақтық-кешендік  
дамытуды қамтамасыз етудің нормативтік құқықтық шарттарын құру;  
агломерацияны дамытуға неғұрлым ұтымды қала құрылысы шешімдерін енгізу;

аз қабатты құрылыстардың аумақтарын қарқынды дамыту;  
тұрғын үйлер мен әлеуметтік және мәдени-тұрмыстық нысандағы ғимараттардың  
бітпеген объектілерін салуды аяқтау;



құрылыстан бос жатқан аумақтарды игеру;  
қаланы және одан шеткері аумақтарды дамытудың кешенділігін қамтамасыз ету;  
жаппай көп қабатты, оның ішінде қолайлылығы жоғары деңгейлі тұрғын үйлер салу

### Ш е ш у ж о л д а р ы

Агломерация аумағын дамыту Алматы қаласы мен Алматы облысын урбанизациялау процесіне әсер етеді. Сондықтан, сыртқы аумақ аудандарын дамыту тиімділігін арттыру неғұрлым өзекті міндет болып табылады.

Алматы қаласы мен Алматы облысы әкімдерінің бірлескен күш-жігерімен Алматы қаласы мен қала маңы аймағын дамытуды жоспарлаудың және қала құрылысын реттеудің кешенді схемасы әзірленетін болады.

Қаланы кешенді дамытуды қамтамасыз ету мақсатында бірқатар ғылыми-қолданбалы және жобалау-жоспарлау жұмыстарын, оның ішінде:

геологиялық және экологиялық талаптарды, қала шекарасын кеңейтуді ескере отырып, қала құрылысы қызметін реттеудің нормативтік-құқықтық базасын;

Алматы қаласының тұрғын үй аумақтарын және жекелеген қала құрылысы объектілерін жоспарлау жобаларын әзірлеу, келісу және бекіту құрамы мен тәртібі  
т у р а л ы е р е ж е л е р д і ;

Алматы қаласы маңы аймағын дамытуды реттеу жобасын;  
геологиялық және басқа да тәуекелді ескере отырып, техногендік ауыртпалықтар мен экологиялық тәуекелдің деңгейі бойынша Алматы қаласының аумағын аймақтау  
с х е м а с ы н ә з і р л е у к ө з д е л е д і .

Батыс аудан басым дамитын болады, онда бос жатқан аумақтарда көп қабатты және аз қабатты мекен-жай құрылыстар аудандары қалыптасуда. Қазіргі Дружба, Қалқаман кенттері магистралдардың барларын қайта жаңарту және жаңаларын салу нәтижесінде қала құрылымына табиғи жарасымды кіретін болады.

Қаланың шашыраңқы және өзара байланыспаған кенттері мен қайта игерілетін аумақтары бар солтүстік-батыс бөлігі (Шаңырақ 1, 2, 3, 4, 5 ...), айналма жол, Үлкен Алматы каналын бойлай өтетін магистралды салу және бірқатар көшелерді "ашу" кезінде қаланың жалпы жоспарланатын құрылымына табиғи жарасымды түрде кіреді.

Қаланың шығыс және солтүстік бөлігінде қайта қалыптасып келе жатқан тұрғын үй алаптары жаңа көлік магистралдарын салу және барларын дамыту нәтижесінде  
о р т а л ы қ п е н қ о с ы л а д ы .

Алматының тұрғын үй аумақтарын жалпы қалалық дамытудың басым бағыттары:  
игерілмеген аумақтарда: қаланың батыс бөлігінде Боралдай мен Қарғалы өзендерінің арасында, Ақбұлақ кентінен солтүстікке қарай; шығыс бөлікте Шемякин көшесі мен Кіші Алматы өзені арасында; қаланың солтүстік бөлігінде Первомайский мұнай базасы ауданында жаңа құрылыс салуды;  
қаланың солтүстік-батыс бөлігінде Шаңырақ 1, 2, 3, 4, 5 ..., тұрғын үй

құрылыстарында, Ақсай, Мамыр, Жетісу, Таугүл шағын аудандарында тұрғын үй құрылысын аяқтауды ;

тау етегі аумақтарында аз қабатты және шағын тұрғын үй құрылыстарын қалыптастыруды ;

жаңа қалалық магистралдар, метрополитен, жол құбырларын, көпірлер салу, өзендер маңы аумақтарын барынша көгалдандыру мақсатында тұрғын үй қорын бұзуды ;

сейсмикалық аса қауіпті тұрғын үй қорын кезең-кезеңімен бұзу; тарихи-мәдени құндылықты білдіретін тұрғын үй қорын, оның ішінде сәулет ескерткіштерін қалпына келтіру және қайта жаңарту;

қаланың батыс тұрғын үй ауданында, 1, 2, 3, 4, 5-шағын аудандарда индустриялық үй салудың бірінші кезеңінде салынған тұрғын үй құрылысы алаңдары аудандарын кешенді қайта жаңартуды көздейді.

Аз қабатты тұрғын үй қорын жаңарту, қаланың орталық бөлігін көркейту, көгалдандырудың, жаяу жүргіншілер аймақтарының, абаттандырылған гүлзарлардың, демалыс аймақтарының бірыңғай жүйесін жасау жөнінде шаралар әзірлеу белгіленіп отыр .

Қаланың орталық бөлігінің бірегейлігін сақтау, гүлзарларды, бульварларды және саябақтарды сақтау мақсатында оны қазіргі уақытта жүріп жатқан тұрғын үй-азаматтық құрылыс объектілерімен қыспақтау процесін тоқтату көзделеді.

### **Т і р ш і л і к е т у о р т а с ы**

#### **Б а с ы м д ы қ т а р ы :**

ғимараттар мен құрылыстардың сейсмикалық беріктігін қамтамасыз ету; таулы сел тасқындарының жүруі нәтижесінде қаланың едәуір аумақтарын және оған іргелес аумақтарды су басуын болдырмау, төтенше жағдайлардың алдын алу мен оны жоюдың кешенді жүйесін дамыту.

#### **Ш е ш у ж о л д а р ы**

Сейсмикалық берік тұрғын үй қорын, ғимараттар мен объектілерді кезең-кезеңімен қайта жаңартуды дәйекті түрде жүргізу.

Сейсмикалық аса қауіпті тұрғын үй қорын кезең-кезеңімен бұзу.

Беделбай және Батарейка өзендерінде қорғаныс құрылыстарының каскадтарын салу .

Есентай, Кіші Алматы, Кімасар, Бутаковка, Қарғалы өзендерінің арналарын тұрақтандыру .

Медеу мұз айдыны ауданында тау көшкініне қарсы іс-шаралар жүргізу.

Авариялық-құтқару қызметтерінің материалдық-техникалық базасын нығайту, қала маңындағы бекеттерді ұстау, хабарлау және байланыс жүйелерін дамыту, материалдық-техникалық, медициналық және азық-түлік қорларын жасау жөніндегі іс-шаралар кешенін іске асыру .

## **Тұрғын үй қорының жай-күйі**

### *Б а с ы м д ы қ т а р ы :*

Алматы қаласында тұру жағдайының оның мәртебесіне сәйкес келуіне қол жеткізу;  
авариялық-ескі үйлерде тұратын халықтың тұрғын жағдайларын жақсарту,  
авариялық тұрғын үй қорын жою;  
өзендердің су қорғау аймақтарын авариялық тұрғын үй қорынан босату.

### *Ш е ш у ж о л д а р ы*

Алматы қаласының авариялық-ескі тұрғын үй қорын бұзу жөніндегі қалалық  
бағдарламаны іске асыру шеңберінде:  
тұрғын үйлердің жай-күйін техникалық тексеру;  
жобалау-сметалық құжаттама әзірлеп, авариялық-ескі тұрғын үйлерді  
кезең-кезеңімен бұзу жөніндегі жұмыстарды орындау;  
тұрғындарды көшіру, жаңа тұрғын үй алу құқығын белгілейтін құжаттарды  
ресімдеу жөнінде жұмыстар жүргізілетін болады.

## **Г а з б е н ж а б д ы қ т а у**

### *Б а с ы м д ы қ т а р ы :*

қаланың және оған іргелес аумақтардың газға қажеттілігін қамтамасыз ету;  
жаңа газ желілерін салу;  
ресурсты үнемдеу саясатын жүргізу.

### *Ш е ш у ж о л д а р ы*

100 көп қабатты және 500 жеке тұрғын үй құрылысы салынған әуежай ауданында  
газ құбыры желілерін салу.

Шаңырақ, 1, 2, ... Қалқаман 2, 3; Дархан, Ұлжан, Ақбұлақ, Думан, Таугүл 3 шағын  
аудандарын газбен жабдықтау үшін газ құбырлары желілерін салу.

Жеке сектор үйлерінде 10 мың газ есептеу аспаптарын орналастыру.

## **Сумен жабдықтау және су бұру**

### *Б а с ы м д ы қ т а р ы :*

қаланың шеткері аймақтарын ескере отырып, орталықтандырылған сумен  
жабдықтауды және су бұруды жақсарту;  
ресурсты үнемдеу режимдерін міндетті сақтай отырып, қаланың және оған іргелес  
аумақтардың сапалы суға, оның ішінде ауыз суға қажеттіліктерін толық қамтамасыз  
е т у ;

инженерлік коммуникацияларды қайта жаңарту;  
сарқынды суларды тазарту сапасын арттыру;

қаланы сумен жабдықтау мен су бұру жүйесін әлемдік стандарттарға жақындату.

### *Ш е ш у ж о л д а р ы*

Қала ауданының құрамына жаңа тұрғын үй алаңдарының енгізілуіне байланысты,  
оны кеңейту орталықтандырылған сумен жабдықтау мен су бұру суына қажеттілігінің  
өсуіне әкеп соқтырады. Мұнымен қатар су тұтынудың (су қашыртқының) ұлғаюы

белгіленіп отырған тіршілік сапасын арттырумен де байланысты болады.

Қала үшін су ресурстарының салыстырмалы түрде шектеулілігіне, тазарту құрылыстары санының жеткілікті болмауына, экологияға үлкен ауыртпалығына байланысты оны үнемдеу өзекті болмақ.

Осыған байланысты Француз Республикасынан 27,4 млн. евро мөлшерінде сыртқы үкіметтік қарыз шеңберінде қаржыландырылатын "Алматы қаласын сумен жабдықтау және су бұру жүйесін қайта жаңарту және жаңғырту" жобасын іске асыру басымдықты болып табылады. Жобаны іске асыруды 2003 жылы бастау жоспарланып отыр. Алматы қаласының барлық кәсіпорындарында қала кәрізіне жіберу алдында бастапқы өңдеу жүргізумен сарқынды суларды тазартудың экологиялық таза технологияларын енгізу к ө з д е л е д і .

Судың ысырап болуын төмендету үшін сумен жабдықтау желісін кеңейту мен қайта жаңартуды, "Медеу" сүзгі станциясын қайта жаңартуды, басты тазарту құрылыстарын кеңейтуді, Алматы қаласының сарқынды суларын механикалық және биологиялық тазарту құрылыстарын қайта жаңартуды жүзеге асыру жоспарланып отыр.

Жауын-нөсер сарқындыларын реттеу және кейіннен техникалық мұқтаждықтар мен жасыл екпелерді суаруға пайдалану жөніндегі іс-шаралар кешенін әзірлеу көзделіп о т ы р .

Су ресурстарына әсер ету деңгейін ескере отырып, кәріздік емес құрылыстарды қаланың кәріз жүйесіне қосу жөніндегі жұмыстар жалғасады (Пригородный кентіндегі а з қ а б а т т ы қ ұ р ы л ы с ) .

Су жиналғыларға қойылатын талаптардың өзгеруіне байланысты Алматы жер асты суларының көздеріне оның қорларын түпкілікті қайта бағалау мақсатында барлау жү р г і з у б е л г і л е н і п о т ы р .

Кәсіпорындардың, ұйымдардың және халықтың су тұтынуына толық су өлшеу есебін жүргізуді қамтамасыз ету жоспарлануда.

### **3.6. Көлік-коммуникациялық кешенді дамыту**

*Б а с ы м д ы қ т а р ы :*

қалада, оның маңында және Алматы облысына жақын аудандарда ұтымды көлік ж ү й е с і н қ а л ы п т а с т ы р у ;

көлік қызметтерін көрсетудің сапасын арттыру;  
жаңа технологияларды қарқынды енгізу есебінен телекоммуникациялар мен байланыс жүйелерінің қызметтер көрсету саласын кеңейту;

транзиттік тасымалдарды қала аумағынан тысқары жерлерге ауыстыру;  
электр көлігін жеделдете дамыту, метрополитеннің құрылысын аяқтау;  
көшелерде жол жүру қауіпсіздігін арттыру;

инвестициялар тарту негізінде тиімді және технологиялық жағынан жаңартылған көлік пен телекоммуникация кешенін құру.

*Ш е ш у ж о л д а р ы*

## К ө л і к

Көлік саласындағы міндеттерді шешу үшін мынадай іс-шаралар белгіленген: қауіпсіздікті қамтамасыз ету проблемалары, экологияны жақсарту және ақпараттық технологияларды дамыту бойынша жекелеген зерттеулер жүргізу;

"Көлік ҒЗИ" ЖАҚ-тың қалалық жолаушылар көлігінің бағыттық желісін оңтайландыру жөніндегі ұсынымдарын дәйекті түрде іске асыру;

қала магистралдары мен көшелерінің өткізу қабілетін: көлік жол айырымын, көшелердің жаңа учаскелерін "тесіп өту"; көпірлер салу және оларды қайта жаңарту; жолдарды жыл сайынғы күрделі және ағымдағы жөндеу; жаппай жеке құрылыстар аудандарында кейіннен асфальтталатын тас төселген жолдар салу арқылы кеңейту.

Қала жолдарында қозғалыс қарқындылығын және оның экологиялық жүйеге қолайсыз әсерін төмендету:

айналмалы шеңберлі магистраль салу, қаланың санитарлық аймағынан тысқары жерлерге транзиттік ағындарды біртіндеп көшіруді жүзеге асыру, халықаралық байланыстарды жүзеге асыратын бағыттар бойынша тасымалдау жағдайын жетілдіру;

қаланың оңтүстік-батыс және орталық бөліктерін қосатын метрополитеннің бірінші кезегінің құрылысын аяқтау және оның құрылысын одан әрі жалғастыру; электр көлігін қарқынды дамыту;

қалалық жолаушылар көлігінің автокөлік құралдарын сығымдалған және сұйытылған газға көшіру;

экологиялық талаптарға сәйкес келетін және сапалы қызмет көрсетуді қамтамасыз ететін тұрақты автожанармай құю станцияларының оңтайлы желісін құру;

көп қабатты автопаркингтер құрылысын жүзеге асыру нәтижесінде қамтамасыз ету көзделеді.

Көлік негізін қалыптастырудың маңызды міндеті қала орталығынан оған қызмет көрсетумен немесе мақсатты келуінен байланысты емес транзиттік көлік ағындарын шеткері шығару және жедел жүретін қалалық жолдар мен қалалық маңызы бар магистралдардың бірыңғай жүйесін құрып, соңғысын іркіліссіз әрі реттелетін қозғалыс магистраліне айналдыру болып табылады.

Іркіліссіз қозғалыс жүйесі бірқатар көлік жол айрықтарын, жолөткел салуды және жекелеген учаскелерде тұрғын үй құрылыстарын бұзуды талап етеді. Бұл шара көлік қозғалысын реттеуге және әуе бассейнінің жай-күйін жақсартуға мүмкіндік береді.

Қала аумақтарын сыртқы транзиттік ағындардан оқшаулауды Талғар трактісінің ауданында үлкен жартылай шеңбермен бұрылатын айналмалы магистраль қамтамасыз етеді.

## Б а й л а н ы с

Сапалы қызметтер көрсету саласын, телекоммуникациялар мен байланыс жүйелерін кеңейту мақсатында:

біркелкі станцияларды қазіргі заманғы электрондық станциялармен толық

алмастыруды жүзеге асыру;  
телекоммуникациялардың мультимедиялық қызметтер көрсетуін ("жедел интернет",  
"бейнеинтернет") енгізуді қамтамасыз ету;

Алматы қаласының шеткері аймақтарын сапалы телекоммуникациялық байланыспен қамтамасыз ету жоспарлануда.

### 3.7. Инвестициялық ахуалды жақсарту

#### И н в е с т и ц и я л ы қ қ ы з м е т

##### Б а с ы м д ы қ т а р ы :

инвестициялық ресурстарды қала экономикасын дамытуға тарту және бағыттау мәселесінде жергілікті билік органының орталық атқарушы органдармен өзара і с - қ и м ы л ы н н ы ғ а й т у ;

инвестициялық-қарыз жүйесін жетілдіру арқылы қала тіршілігін қамтамасыз ету салаларын, өндірістік инфрақұрылым объектілерін дамыту; аймақтың кредит рейтингін арттыру.

##### Ш е ш у ж о л д а р ы

Қолайлы іскерлік және инвестициялық ахуал: әлеуметтік-саяси тұрақтылықты ұстап тұру; экономиканың жұмыс істеу режимдерінің ашықтығын қамтамасыз ету және ы р ы қ т а н д ы р у д ы т е р е ң д е т у ;

инвестициялық тәуекелдерді төмендету және сақтандыру; бюджеттік берешектерге уақтылы қызмет көрсету; бюджетке борыштық ауыртпалықсыз инвестициялық-қарыз жүйесі тетіктерін дамыту есебінен қамтамасыз етілетін болады.

Инвестициялардың дәстүрлі көздерін кеңейту және экономикаға жаңаларын тарту м а қ с а т ы н д а :

аманат қорымен қамтамасыз етілген борыштық міндеттемелерді пайдалану тетігін одан әрі іске асыру жолымен инвестициялық тәуекелдерді төмендету және сақтандыру;

ақпараттық бизнес орталықтарының желісін дамыту арқылы әлеуетті инвесторларды ақпараттық қамтамасыз ету мен аймақтың қолайлы бет-бейнесін жасау, басым инвестициялық жобалардың дерекқорын құру, конференциялар, форумдар өткізу, брошюралар шығару және т.б.;

аймақты дамыту басымдықтарын ескере отырып, жергілікті атқарушы органның борыштық міндеттемелері портфелін тиімді басқару жөніндегі шаралар көзделеді.

Ірі инвестициялық жобаларды әзірлеу мен іске асыру үшін бюджеттен тыс қаражатты (инвестицияларды) тартуға, шоғырландыруға және бағыттауға мүмкіндік беретін инвестициялық-қарыз жүйесі тетіктерін дамыту жоспарланып отыр:

ипотекалық кредиттеу тетігін пайдалана отырып, жаппай тұрғын үй салу; тұрғын үй емес қордың коммерциялық құрылысын оны, қаржылық әрі жедел

лизинг схемаларын пайдалану арқылы пайдалануға беру;  
ғылыми жобалар, салалық және/немесе аймақаралық бірлескен компаниялар түрінде өндірістерді қайта жаңарту, жаңғырту, конверсиялау жобалары;  
аймақтардың үлестік қатысуы арқылы аймақаралық бағдарламалар;  
қаржылық лизинг тетігін енгізу жолымен негізгі өндірістік қорларды жаңарту  
бағдарламалары.

### **Қаржылық құралдар мен технологияларды дамыту**

*Б а с ы м д ы ғ ы :*

аймақтық қаржы орталығы ретінде Алматы қаласын дамыту.

*Ш е ш у ж о л д а р ы*

*М ы н а д а й :*

халықтың екінші деңгейлі банктердегі салымдарының жинақталуын, оның ішінде оларға кепілдік беру жүйесін кеңінен насихаттау арқылы ынталандыру;  
зейнетақы активтерін дамыту және сақтандыру;  
корпоративтік басқаруды, бағалы қағаздар нарығының заңнамалық, техникалық, институционалдық және құқықтық инфрақұрылымын жетілдіру арқылы қор нарығының дамуын ынталандыру;

төлем тетіктерін пайдалану тәртібін реттейтін нормативтік құқықтық базаны одан әрі жетілдіру;

мемлекеттік емес бағалы қағаздар секторын дамыту;

Алматы қаласындағы Бағалы қағаздардың орталық депозитарийінің және Қазақстан банкаралық есептемелер орталығының іркіліссіз жұмыс істеуін қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылданатын болады.

2004 жылдан бастап ипотекалық кредиттеу тетіктерін пайдалана отырып, жаппай тұрғын үй салуды өрістету жоспарлануда.

Қаржылық лизинг тетіктерін дамыту үшін коммуналдық мемлекеттік кәсіпорын нысанында қалалық қаржы компаниясын құру жоспарлануда.

### **3.8. Сауданы дамыту**

**С ы р т қ ы с а у д а**

*Б а с ы м д ы қ т а р ы :*

кәсіпорындар мен ұйымдардың экспортқа бағдарлануын ынталандыру;  
қала кәсіпорындарының өнімдерді өткізудің жаңа өткізу нарықтарын игеруі,  
экспорт географиясын кеңейту үшін жағдайлар жасау;  
сапалы бәсекеге қабілетті, жоғары дәрежелі өңдеу өнімдерін әкетуге экспорттық жеткізілімдерді қайта бағдарлау;

халықаралық коммерциялық қызметтің алдыңғы қатарлы технологияларын енгізу.

*Ш е ш у ж о л д а р ы*

Әлемдік нарықтың қазіргі конъюнктурасын зерделеу және бәсекеге қабілетті өндірістерді дамыту мақсатында қала кәсіпорындары мен ұйымдарының маркетингтік

қызметтерін дамытуға барынша көңіл бөлінетін болады.

Аймақтағы экономикалық ахуалдың өзгерістерін ескере отырып және Қазақстанның ТМД мен ЕурАзЭҚ елдерімен қабылданған міндеттемелері шеңберінде сыртқы сауда қызметін тарифтік және тарифтік емес реттеудің қолданылатын шараларын қайта қарауға бастама жасалатын болады.

Ұлы Жібек жолы трассасында халықаралық көтерме нарық құру, сондай-ақ Кабул қаласында қала кәсіпорындары шығаратын өнімдерді, орнатылмаған және босатылатын жабықтарды сату үшін "Алматы" сауда үйін құру мәселесін қарау көзделеді.

Қала кәсіпорындарына халықаралық көрмелерге және тауарлар мен қызметтер көрсету жәрмеңкелеріне белсенді қатысуға жәрдем көрсетіледі, сондай-ақ дайын өнімдердің және өнімдер мен қызметтер көрсетудің дәстүрлі емес түрлерінің экспортын ұлғайту жағына экспорт құрылымын әртараптандыруды ынталандыру жөнінде жұмыс жүргізіледі.

Өнімдерді контрабандалық әкелуді жою мақсатында қаланың кеден қызметінің жұмысын жетілдіру және жаңғырту жалғастырылады.

Қалалық экспорттаушы кәсіпорындарды сақтандыру және кредиттеу жүйесін құру көзделеді.

Орта және шағын бизнес кәсіпорындарының сыртқы нарықтарға шығу мүмкіндігін кеңейту мақсатында интернет-сауданы белсенді түрде қолданысқа енгізу жөнінде шаралар қолданылатын болады.

## **І ш к і с а у д а**

### **Б а с ы м д ы қ т а р ы :**

базарды отандық өндіріс өнімдерімен толықтыру;  
қаланың азық-түліктік қауіпсіздігін қамтамасыз ету;  
ұсынылатын қызметтер көрсетудің сапасын жақсарту;  
сауда саласында құрылымдық қайта құрулар жүргізу;  
саудалау-сатып алу қызметінің жүйесін жетілдіру;  
көтерме және бөлшек сауданың материалдық-техникалық базасын ұтымды дамыту,  
оны аумақтық орналастыруды оңтайландыру.

### **Ш е ш у ж о л д а р ы**

Қаланың азық-түліктік қауіпсіздігін қамтамасыз ету міндетін:  
ауыл шаруашылығы өнімдерін өнеркәсіптік қайта өңдеу көлемдерін өсіру;  
ішкі нарықты сапасыз өнімдерден қорғау жөніндегі шараларды күшейту;  
бағаларды тұрақтандыру және сауда базарларындағы бәсекелестікті дамытуға жәрдемдесу мақсатында азық-түлік тауарларына олардың негізсіз өсуін бақылауды қамтамасыз ету есебінен шешу жоспарланып отыр.

Өндіріс пен сату көлемдерін ұлғайту есебінен өндірістік және сауда қызметін сұранысты кеңейтуге бағдарлайтын сауда-өнеркәсіп топтарын қалыптастыру процесі дамитын болады.



## К ө т е р м е      с а у д а      к ұ р ы л ы м ы :

меншік құқығын көтерме буынға көшіре отырып, сатып алу-өткізу операцияларының толық кешенін жүзеге асыратын кәсіпорындар; өз қызметінде тауарға меншік құқығының өзіне өтуін пайдаланбайтын делдал көтерме құрылымдар (брокер кәсіпорындар, сауда агенттері, комиссионерлер және с.с.) ;

тауарлардың көтерме айналымын (жәрмеңкелер, тауар биржалары, аукциондар, көтерме базарлар) ұйымдастыру жөнінде қызметтер көрсететін шаруашылық жүргізуші субъектілер негізінде дамитын болады.

Көтерме сауда кәсіпорындарының желісі шағын кәсіпорындармен белсенді түрде өзара іс-қимыл жасайды және олар үшін неғұрлым нақты және тиімді әріптес болып т а б ы л а д ы .

Бөлшек сауда кәсіпорындарының желісі сауда қызметін көрсетудің алуан түрлі нысандарын: сауда орталықтарын, супермаркеттер, өз-өзіне қызмет көрсету дүкендерін , дүкен-қоймаларды, арнайы бөлінген жерлерде ұйымдастырылатын көше жәрмеңкелерін және базарларды, бөлшек сауда автоматтарын, интернет-дүкендерді і с к е      қ о с а т ы н      б о л а д ы .

Алматы қаласының әкімдігі еліміздің қолданыстағы заңнамасының қағидаларын және әлемдік тәжірибені ескере отырып:

отандық тауар өндірушілерді қолдау негізінде ішкі нарықты қорғау және кеңейту; тауар қозғалысының тұрақты жүйесін қамтамасыз ететін және монополизм көрінісі мүмкіндігінің алдын алатын бәсекелік орта қалыптастыру;

сатылатын тауарлардың сапасын, қызмет көрсетудің жоғары деңгейін және тұтынушылардың мүдделері мен құқықтарын қорғауды қамтамасыз ету тұрғысынан тұтыну нарығын бақылауды жүзеге асыру жөнінде шаралар қолданатын болады.

Қаланың барлық базарларын жаңғырту, оларды су құбыры мен кәріз жүйесіне қосу, санитарлық-ветеринарлық сараптаманы қазіргі заманғы зертханалармен жабдықтау жөніндегі жұмысты аяқтау жоспарланып отыр.

### **3.9. Салықтар мен бюджет**

## **С а л ы қ т а р**

### **Б а с ы м д ы қ т а р ы :**

Салықтар мен бюджетке төленетін төлемдерді жинауды тұрақты көбейту; салық әкімшілігін жүргізуді; қаланы әлеуметтік-экономикалық дамытумен салықтық реттеу тетіктерін жетілдіру;

мемлекет пен салық төлеушілер мүдделерінің оңтайлы үйлесімін қамтамасыз ету мәселелерінде жергілікті билік органының рөлін күшейту.

### **Ш е ш у      ж о л д а р ы**

Салықтар мен бюджетке төленетін төлемдерді жинауды жақсарту мақсатында:

электрондық бақылау мен аудиттің ақпараттық жүйелерін енгізу арқылы салық және кеден әкімшілігін жүргізуді автоматтандыру мен интеграциялаудың негізгі процестерін аяқтау;

кәсіпкерлік қызмет субъектілерін толық есепке алуды жүзеге асыру; салық органдарының республикалық көлік ұйымдарымен өзара іс-қимылы бойынша шаралар әзірлеу мен оны іске асыру арқылы тасымалданатын жүктерге салық салынуын бақылауды жетілдіру;

шығындардың нақтылығын растау мақсатында залалды кәсіпорындардың қаржы-шаруашылық қызметіне уақтылы тексерістер жүргізу көзделеді.

Мұнай өнімдері нарығында бақылауды қатайту мақсатында: қалаға әкелінетін мұнай өнімдері көлемінің сатылуын бақылау тетіктерін жетілдіру;

жанар-жағар май материалдарын сақтау бойынша МҚС-ның, көтерме сауда базаларының, қоймалардың, темір жол түйіқтарының орналасуы туралы мәліметтерді қамтитын экономикалық карталар жасау көзделеді.

### **Б ю д ж е т**

#### **Б а с ы м д ы қ т а р ы :**

перспективалық жоспарлау және бюджеттің атқарылу процестерінің тиімділігін арттыру;

қаланы әлеуметтік-экономикалық дамытумен бюджеттік реттеу тетіктерін дамыту; бюджет әкімшілігін жүргізуді жақсарту;

бюджетаралық қатынастардың әділдігі мен теңгерімділігін қамтамасыз ету кезінде бюджеттің функционалдық мүмкіндіктерін кеңейту.

#### **Ш е ш у ж о л д а р ы**

Бюджеттік бағдарламалаудың перспективалық әдістерін енгізу, стратегиялық, индикативтік және бюджеттік жоспарлаудың үйлестірілуін қамтамасыз ету жөніндегі шаралар көзделеді.

Қызметтің басым түрлерін бірінші кезекті тәртіппен және толық көлемде қаржыландыруды:

кедейлік пен жұмыссыздықты төмендету бағдарламаларын іске асыру; экономиканың нақты секторына және, бірінші кезекте, шағын бизнес саласындағы басым инвестициялық жобаларға, өнеркәсіпке кредит беру;

технологиялық парктер құру және оны дамыту;

бизнес-инкубаторлар, жаңа технологиялардың инкубаторларын, лизингтік компаниялар, маркетингтік орталықтар құру және оларды дамыту;

туризмді дамытудың аймақаралық бағдарламаларын іске асыру;

қала тұрғындары мен қала қонақтары қауіпсіздігінің жоғары деңгейін қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларды іске асыру, әртүрлі бизнес пен тұрмыстық сервисті дамыту;

Қала салудың бас жоспарына сәйкес жобалау-жоспарлау жұмыстарын жүзеге асыру

табиғи апаттарға үнемі дайындықты қамтамасыз ету және төтенше жағдайларды жою жөніндегі бағдарламаларды қаржыландыру;  
шеткері аймақты ескере отырып, көліктік және инженерлік инфрақұрылымды дамыту, білім беру, денсаулық сақтау, әлеуметтік қорғау, қоршаған ортаны қорғау, мәдениет саласындағы бағдарламаларды толық көлемде қаржыландыру бағыттары бойынша қамтамасыз ету жоспарланып отыр.

Бюджет қаражатын пайдаланудың тиімділігін арттыру және бюджеттің айқындығын қамтамасыз ету:

республиканы және қаланы дамытудың ұзақ мерзімді мақсаттары мен басымдықтарына сәйкес бюджет қаражатын пайдалану саясатын жүргізу;  
кірістердің бюджетке түсуіне жүйелі талдау жүргізу және олардың түсуінің төмендеу фактісіне уақтылы ден қою, кірістерді жұмылдыру тетігін жетілдіру;  
бөлінген бюджет қаражатын мақсатсыз пайдаланған жағдайда, қаржыландыруды тоқтата тұру немесе оларды қайтарып алу практикасын дамыту;  
қаржылық есептер мен қаржы ресурстарының қозғалысы туралы ақпаратты БАҚ-та жариялау арқылы бюджеттік қаржыландырудың ашықтығы мен айқындығын қамтамасыз ету, атқарушы органдардың бюджеттік қызметінің тиімділігін тәуелсіз бағалауды жүргізу есебінен қол жеткізілетін болады.

### **3.10. Мемлекеттік активтерді басқару**

*Б а с ы м д ы қ т а р :*

қала аумағындағы коммуналдық меншік мүлкінің тиімді пайдаланылуын арттыру мен сақталуын қамтамасыз ету;  
мемлекеттік активтерді тиімді басқару есебінен қаланың бюджетіне қосымша қаржы ресурстарын тарту;  
коммуналдық меншікті қаланың тұрақты қайта өндіру жүйесі ретінде дамыту;  
мемлекеттік активтер мониторингінің әрекетті жүйесін құру.

*Ш е ш у ж о л д а р ы*

Мемлекеттік активтерді басқару жүйесінің тиімділігін арттыру мақсатында:  
қаланың аумағында жылжымайтын мүлкі бар шаруашылық жүргізуші субъектілердің тұрғын үй емес қызметтік үй-жайларын толық түгендеу мен тіркеуді жүргізу;

мемлекеттік тұрғын үй емес қордың, оны республикалық меншікке жататын мүлікке және оған бұрынғы "иесіз" объектілерді қосып, коммуналдық меншікке жататын мүлікке дәл бөле отырып бірыңғай ақпараттық дерекқорын құру;

бұрын жекешелендіруге жатқызылмаған не өткен кезеңдерде жекешелендірілмеген мемлекеттік кәсіпорындардың, мекемелер мен акционерлік қоғамдардың бір бөлігін жекешелендіру процесіне кезең-кезеңмен енгізу тәртібін әзірлеу;

коммуналдық меншіктегі үй-жайларды мүліктік жалға беру мәселелерінде тариф с а я с а т ы н ж е т і л д і р у ;

коммуналдық меншік объектілерін аманаттық қамтамасыз ету ретінде пайдалану п р а к т и к а с ы н к е ң е й т у ;

экономикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және қала экономикасын тұрақты дамыту мақсатында стратегиялық салаларда жекешелендірілген кәсіпорындар мен ұйымдарды басқару мониторингін ұйымдастыру;

кәсіпорындар мен акционерлік қоғамдарды оңтайландыру мақсатында олардың әкімшілік шығыстарының мониторингін жүргізу;

кәсіпорындардың шаруашылық қызметінің ағымдағы және перспективалы жоспарларын орындауына, оның ішінде жергілікті бюджетке акционерлік қоғамдардың дивидендтерін және кәсіпорындардың таза табысының бір бөлігін аударуына б а қ ы л а у д ы ж ү з е г е а с ы р у ;

коммуналдық меншікті, оның ішінде мүліктік жалға берілетін мемлекеттік тұрғын үй емес қорды жүйелі есепке алуды қамтамасыз ету, сондай-ақ коммуналдық меншік объектілерін мүліктік жалға беру ережесінің сақталуын бақылау көзделеді.

Болашақта қаланың әлеуметтік-экономикалық жүйесінің тұрақты ұдайы өндірілетін негізі ретінде коммуналдық меншіктің рөлі артады. Осыған байланысты коммуналдық меншік объектілерін, олардың ағымдағы және перспективалы қаржылық мүмкіндіктері мен оларды шартты түрде бірнеше топтарға бөлу көзделіп отыр.

### **3.11. Қоршаған ортаның жай-күйін жақсарту**

*Б а с ы м д ы қ т а р :*

қоршаған орта мониторингі жүйесін жетілдіру; автомобиль көлігінен зиянды заттардың шығарындыларын төмендету жөнінде ш а р а л а р қ о л д а н у ;

қаланың су қоймаларын оңалту; өндіріс қалдықтарын басқару мен тұтыну жүйесін жетілдіру;

қаланы көгалдандырудың бірыңғай жүйесін жасау; қоршаған орта жай-күйінің сапалы көрсеткіштерін жақсартуға қол жеткізу.

*Ш е ш у ж о л д а р ы*

Қаланың жоғары сейсмикалық және сел қаупі ауданында орналасқанын ескере отырып, экологиялық саясат мониторингінің мемлекеттік жүйесі негізінде алынған қоршаған ортаның жай-күйі туралы дұрыс және жедел ақпаратқа негізделуі тиіс.

Алматы қаласы қоршаған ортасының ластануына мониторинг жүргізу жөніндегі жұмыстарды қамтамасыз ету мақсатында:

атмосфералық ауаның ластануын қадағалау пункттерін қалпына келтіру және ж а ң ғ ы р т у ;

қоршаған ортаның ластану мониторингінің автоматтандырылған жүйесін құру; ISO 14000 сериялы халықаралық стандарттарға сәйкес қоршаған ортаны қорғауды

б а с қ а р у ж ү й е с і н е н г і з у ;  
жер беті және жер асты сулары мониторингінің мемлекеттік жүйесін қалпына  
к е л т і р у ;  
мұздақтар аймағынан бастап, барлық жоғары деңгейлердегі су ағындарын тіркейтін  
гидрологиялық бекеттер ашу ;  
сейсмологиялық қадағалаудың аймақтық желісі станцияларының жиі орналасуын  
қ а м т а м а с ы з е т у ;  
көшкін процестерінің мониторингін ұйымдастыру жөнінде шаралар қолданылатын  
б о л а д ы .  
Автомобиль көлігінен зиянды шығарындыларды төмендету мақсатында:  
автокөлік құралдарын улы газдардағы зиянды заттарды төмендету құрылғыларымен  
к е з е ң - к е з е ң м е н ж а р а қ т а н д ы р у ;  
қоғамдық автокөлікті мүмкіндігінше электр көлігімен ауыстыру жоспарланып отыр.

Қаланың су ресурстарының жай-күйін жақсарту мақсатында:  
Үлкен Алматы каналының арнасын тазартуды жүргізу және оны аббаттандыру;  
гидрогеологиялық, инженерлік-геологиялық, сейсмикалық және санитарлық  
сипаттамаларды ескере отырып, Алматы су қорлары жер асты суларының жарып шығу  
аймағын кешенді зерттеуді жүргізу көзделіп отыр.  
Әуе ағындарын өткізуде экологиялық дәліз рөлін атқаратын табиғи-ландшафтық  
негіздің кеңістік толассыздығын дамыту мақсатында:  
қаланың табиғи экологиялық негізін дамытудың бас жоспарын әзірлеу есебінен  
қ а л а н ы к ө г а л д а н д ы р у д ы ж а қ с а р т у ;  
ерекше қорғалатын табиғи аумақтар салу және оларды қайта жанарту жобаларын ("  
XXI ғасыр" дендропаркі, "Медеу" паркі, Баум тоғайы мен басқа да объектілер) іске  
а с ы р у ж ө н і н д е ш а р а л а р қ о л д а н у к ө з д е л і п о т ы р .  
Экологияға кері әсерді төмендету мен өндірістік және тұрмыстық қалдықтарды  
к ә д е г е ж а р а т у м а қ с а т ы н д а :

Алматы қаласындағы қалдықтарды жинау, шығару және ішінара қайта өңдеу  
жөніндегі кешенді бағдарламаны іске асыру есебінен қатты қалдықтарды есепке алу  
мен б а с қ а р у д ы ң т ұ р а қ т ы ж ү й е с і н құру;  
полигондар, оның ішінде Алматы қаласы мен Алматы облысының улы  
қалдықтарын көметін полигондар салуды жүзеге асыру және өндірістің улы  
қалдықтарын б а с қ а р у ж ү й е с і н ұ й ы м д а с ы т ы р у ;  
қаланың кәсіпорындарында қауіпті заттарды қауіпсіз пайдалану жөнінде іс-шаралар  
әзірлеу және жүзеге асыру жоспарланып отыр.

### **3.12. Бағдарламаны имидждік және ақпараттық қамтамасыз ету**

## Б а с ы м д ы қ т а р :

Алматы қаласын кешенді дамытуды идеологиялық және ақпараттық-құқықтық қамтамасыз ету саласында мақсатты және атаулы имидждік акциялар, жобалар ұйымдастыру және жүргізу;

Алматы қаласының экономикалық басымдықтарын ғаламдандыру саласында көрнекі пилоттық және инновациялық жобалар әзірлеу; сыртқы экономикалық қызметті әртараптандыру.

## Ш е ш у ж о л д а р ы

Имидж қалыптастыру жөніндегі жобалар құрлықтық маңызы бар мегаполисті дамытудың жаңа идеологиясы туралы мақалалар топтамасын республикалық және шетелдік басылымдарда, "Интернет" желісінде жариялау, ғылыми-практикалық симпозиумдар мен семинарлар, коммерциялық-инвестициялық жобалардың тұсаукесерлерін, Алматы қаласын дамытудың проблемалары мен перспективалы бағыттары жөнінде қоғамдық талқылаулар ұйымдастыру мен өткізу арқылы іске асырылатын болады.

Мақсатты және инновациялық жобаларды әзірлеу үшін жақын және алыс шетелдердің ғалымдары мен іскер топтары өкілдерін қатыстыра отырып, қала кәсіпорындарын экономикалық және техникалық зерттеулерді жүзеге асыру болжанып отыр.

Алматы қаласының сыртқы экономикалық қызметін әртараптандыру, ұстанымын нығайту шеңберінде әлемдік және аймақтық нарықтарда қазақстандық тауарлар өткізу ауқымын кеңейтіп, оны Оңтүстік Шығыс Азия, Орталық Азия аймағы, Таяу Шығыс елдеріне жылжытуда Қытайдың арнайы экономикалық аймақтарын пайдалану, Алматы қаласының экономикасы мен инфрақұрылымына "портфельді" инвестициялар тарту мақсатында халықаралық семинар, инвестициялық саммиттер өткізу болжанып отыр.

Инновациялық жобаларды іске асыру үшін жағдайлар мен ынталандыратын режимдер жасау, қаланың ақпараттық ресурстарын басқарудың арнаулы жүйесін құруға жәрдемдесу болжанып отыр.

Халықаралық конгрестер, талқылаулар, фестивальдер, конкурстар, спорттық-бұқаралық акциялар өткізу арқылы халықтың түрлі топтарының үйлесімді тіршілік етуі және рухани тұтастығы жөніндегі Қазақстан Республикасының бірегей тәжірибесін насихаттауға көңіл бөлінетін болады.

Жаңа ақпараттық технологияларды қолданудың негізінде Алматы қаласының бірыңғай ақпараттық кеңістігін құру арқылы муниципальді менеджментті едәуір жетілдіру көзделеді.

### **3.13. Бағдарламаны іске асыру тетігі**

Бағдарламаны орындау оны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары арқылы жүзеге асырылатын болады, ол Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңдарының талаптарын, яғни әзірленетін бағдарламаларды орташа мерзімді жоспарлау ескеріле

отырып әзірленеді және шартты түрде: 2003-2005 және 2006-2010 жылдарға арналған үш кезеңге бөлініп, оны Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін болады.

Іс-шаралар жоспары қаланы дамытудың әрбір сатысының сапалық ерекшеліктерін сипаттайтын және Бағдарламаның барлық ережелерін іске асыруды көздейтін болады. Онда нақтылы орындаушылар және іске асыру мерзімдері, сондай-ақ жылдар бойынша болжанып отырған қаржыландыру көлемі мен көздері белгіленетін болады.

Іс-шаралардың кешенділігі қызметті барынша үйлестіретін және Алматы қаласының тыныс-тіршілік жүйесін дамытудың барлық бағыттары бойынша мақсатты әрі келісілген іс-қимылды қамтамасыз ету жөніндегі орталық және жергілікті атқарушы органдардың мүмкіндіктерін шоғырландыруға мүмкіндік береді.

Алматы қаласының әкімдігі жоспарлар іс-шараларының орындалуы мен жоспарланатын көрсеткіштерге (индикаторларға) қол жеткізу барысына бақылау жасау арқылы Мемлекеттік бағдарламаны іске асырудың тиімділігінің тұрақты мониторингін және оны бағалауды жүзеге асыратын болады.

#### **4. ҚАЖЕТТІ РЕСУРСТАР МЕН ҚАРЖЫЛАНДЫРУ КӨЗДЕРІ**

Алматы қаласын дамытудың 2003-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыруға республикалық, жергілікті бюджеттердің және халықтың қаражаты, халықаралық экономикалық ұйымдардың гранттары, шетелдік және отандық инвестициялар пайдаланылатын болады. Бюджет қаражатын қоса алғанда, инвестициялық ресурстарға жалпы қажеттілік 700 миллиардтан астам теңгені құрайды, оның ішінде 2003-2005 жылдарға - 230 млрд. теңге.

Дамыту бағдарламалары бойынша іс-шараларды іске асыруға 2003 жылы мемлекеттік бюджетте 8630,6 млн. теңге көзделуде, оның ішінде республикалық бюджеттен 4706 млн. теңге, жергілікті бюджеттен 3924,8 млн. теңге. Келесі жылдарға арналған нақтылы қаржыландыру көлемі қаржылық мүмкіндіктер ескеріле отырып, кезекті қаржы жылына арналған республикалық бюджетті және Алматы қаласының бюджетін қалыптастыру кезінде айқындалатын болады.

#### **5. БАҒДАРЛАМАНЫ ІСКЕ АСЫРУДАН КҮТІЛЕТІН НӘТИЖЕЛЕР**

Бағдарламаны іске асыру қаланың қаржылық, өндірістік, кадр, ғылыми және мәдени әлеуетін бар мүмкіндігінше пайдалану үшін жағдайлар жасауға және осының негізінде мегаполис пен оған іргелес елді мекендер халқының өмір сүру деңгейі мен сапасын арттыруға жәрдемдесуге тиіс.

Жаңа қаржы институттарының дамуымен, қала тіршілігін қамтамасыз ету жүйесінің тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз етумен, коммуналдық меншікті басқару процесіне жаңа технологиялар енгізумен қалада қалалық шаруашылықты дамыту мен халықтың әлеуметтік қорғалуын арттыруды қаржыландырудың сенімді көздері пайда болады.

Өнеркәсіп өндірісінің құрылымы өзгереді, онда шағын кәсіпорындардың үлесіне 2010 жылға қалада шығарылатын барлық өнімнің 40,9%-і келетін болады.

Жаңа технологияларды қолдана отырып, жабдықтар, автомобильдер, электроника, химия, мұнай, тау-кен-металлургиялық кәсіпорындар үшін қосалқы бөлшектер, жоғары сапалы медициналық препараттар өндіру басым даму алады. Алматы қаласының инновациялық тәжірибесі республиканың басқа аймақтарында ғылыми-техникалық прогресті дамытуға жәрдемдесетін болады.

Жүргізіліп отырған өнеркәсіп саясатының нәтижесі қазіргі бар өндірістік қорларды олардың бір бөлігін шағын бизнес саласына беру және ғылымды көп қажет ететін өнім шығару мен жергілікті шикізат пен материалды неғұрлым терең өңдеуге бағдарланған басым өндірістерді талғамалы қолдау арқылы тиімді пайдалану болады. Өнеркәсіптік өндірістің көлемі 2010 жылы 2002 жылмен салыстырғанда 68,4%-ке артады.

Шағын және орта бизнесті дамыту саласында инновациялық технологияларды белсенді енгізуге, қаланың ірі және ұсақ кәсіпорындарының алуан түрлі кооперацияларын қызметтің барлық салаларында кеңінен қолдануға баса назар аудару көзделіп отыр.

Жоғары деңгейде қайта өңделген өнімнің экспорты едәуір артады, нарықты отандық сапалы шикізат өнімімен молықтыру есебінен шикізат импортына тәуелділікті төмендету көзделуде.

Қаланың жалпы сәулет-құрылыс келбеті қаланың тарихи бөлігін сақтай отырып қалыптасатын болады, жаңа шағын аудандар салынады, жолдардағы көлік ағынының көптігі төмендетіледі. Қаладағы экологиялық ахуал едәуір жақсарады.

Қаланың энергетикалық теңгеріміне экологиялық таза ресурстарды енгізу, ресурс жинақтайтын технологияларды қолданысқа енгізу энергетикалық кешеннің тұрақты жұмысын қамтамасыз етуге, энергетиканың қоршаған ортаға зиянды әсерін қысқартуға мүмкіндік береді, мұның өзі қаладағы қазіргі энергетикалық ауыртпалықты толығымен жояды.

Автокөліктің қаланың экологиясына кері әсері қысқарады, метрополитеннің бірінші кезегі іске қосылатын болады.

Салық салынатын базаның өсуі мен салық әкімшілігін жүргізудің жақсаруы қаланың біріктірілген бюджетіне салықтардың жиналуын 2010 жылы 1,7 есе ұлғайтуға мүмкіндік береді. Салықтар құрылымында шағын бизнес саласынан түсетін қаражаттың үлесі едәуір артады.

Алдын алу бағыттылығына ие болатын денсаулық сақтау мекемелерінің желісі толығымен сақталатын және одан әрі дамытылатын болады. Халықтың медициналық-демографиялық ахуал, денсаулық көрсеткіштері тұрақтанатын, ал содан кейін жақсартатын болады.

Қаланың мәдени және спорт инфрақұрылымы одан әрі дамытылады, оның республика азаматтарын сауықтыруға жәрдемдесетін және жаңа спорттық жетістіктерді



қамтамасыз ететін спортты дамытудағы рөлі артады.

Еліміздің ірі қаржы, ғылыми, білім беру, мәдени және туристік орталығы ретінде Алматы қаласы рөлінің артуы қала экономикасы құрылымының едәуір өзгеруіне әкеп соғады. Осы кезеңде сауда, көлік, коммуналдық шаруашылық, байланыс, ойын-сауық индустриясы, туризм және халыққа көрсетілетін басқа да қызметтер ерекше қарқынмен дамитын болады. Осы салалардың жедел дамуы, өндірістік саладағы шағын кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдаумен қатар, іс жүзінде халықтың жұмыспен қамтылу проблемасын шешеді. Тұтастай алғанда, қалада 80 мыңнан астам жаңа жұмыс орындары ашылатын болады.

Алматы қаласын дамытудың 2003-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын сәтті іске асыру қуатты мультипликациялық әсер есебінен бүкіл елдің дамуы мен гүлденуіне ықпал етуі тиіс.

Алматы қаласын дамытудың 2003-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асырудың жоспарланып отырған индикаторлары 3-кестеде көрсетілген.

3-кесте

### **Алматы қаласын дамытудың 2003-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асырудың индикаторлары**

Көрсеткіштер	2001 ж.	2002 ж.	2003 ж. есеп	2004 ж. бағалау	2005 ж.
Халықтың жан басына шаққандағы теңгемен	436025	467727	470896	503706	538104
Өнеркәсіптік өнім көлемінің қарқынды, жылға %-пен	122,9	110,6	107 өсу өткен	107,1	107,9
ІЕК-де шағын бизнес өндірген қызметтің %-пен	16,8	19,6	21,8	24,9	34,2
Экономикалық белсенді	18,1	19,7	21,6	23,8	31,1

шағын айналысатындарының үлесі %-пен	бизнеспен салмағы,				
Тұрғын үйді пайдалануға мың шаршы метр	240,8	266,1	288	312	335
Қала халқының ОТА жаратқандырылу деңгейі, адамға бірлік	27,8	28,6	29,6	30,5	31,5
Бөлшек сауда айналымы, АҚШ доллары	264,9	288	294	308,6	323,9
Сыртқы сауда айналымы, АҚШ доллары	2503,7	2965,7	3298	3875	4511,7
Жұмыссыздық деңгейі, %-пен	10,8	8,9	8,6	8,3	8,1
Күнкөрістің ең төменгі нен бар салмағы, %-пен	12,1	8,5	8,2	7,9	7,5
Бюджетке түсетін салық емес млрд.	127	148	161	174	187

таблицаның

жалғасы

Көрсеткіштер	2006 ж.	2007 ж.	2008 ж.	2009 ж.	2010 ж.	2010 ж. 2002 ж - ға % - пен
Халықтың жан басына шаққандағы теңгемен	576320	617257	660675	707686	757394	162 ЖІӨ,

Өнеркәсіптік өнім к ө л е м і н і ң қ а р қ ы н ы , жылға %-пен	107	106,5	106,3	106,2	106	168,4
			ө с у ө т к е н			
ІЕК-де шағын б и з н е с ө н д і р г е н қ ы з м е т д і ң %-пен	35,8	37,2	38,8	39,5	40,9	
		с у б ъ е к т і л е р і ө н і м к ө р с е т у л е р .		м е н		
	ү л е с			с а л м а ғ ы ,		
Экономикалық б е л с е н д і ш а ғ ы н а й н а л ы с а т ы н д а р ы н ы ң ү л е с %-пен	32,9	34,2	35,8	37	38,1	
		х а л ы қ т ы ң б и з н е с п е н				
		с а л м а ғ ы ,				
Тұрғын үйді п а й д а л а н у ғ а мың шаршы метр	345	360	375	390	400	150,3
			қ о с у ,			
Қала халқының ОТА ж а р а қ т а н д ы р ы л у д е ң г е й і , адамға бірлік	32	32,5	33	33,5	34	118,9
			1 0 0			
Бөлшек сауда а й н а л ы м ы , АҚШ доллары	341,7	361,5	383,2	407	434	151
			м л р д .			
Сыртқы сауда а й н а л ы м ы , АҚШ доллары	5177,6	5861	6540,6	7394,7	8267,5	278,8
			м л н .			
Жұмыссыздық деңгейі, %-пен	8	7,9	7,8	7,6	7,4	
Күнкөрістің ең т ө м е н г і н е н б а р	7	7	6	6	6	
		д е ң г е й і .				
	т ө м е н			к і р і с і		
	х а л ы қ т ы ң			ү л е с		
Бюджетке түсетін с а л ы қ е м е с	200	213	226	239	253	170
	ж ә н е		с а л ы қ т ы қ			
		т ө л е м д е р ,				

млрд.

теңге

---

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК